



EGEMEN QAZAQSTAN

14 ТАМЫЗ 2023 ЖЫЛ, ДҮЙСЕНБІ №152 (30631)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

ЕҚЫҰ – бірегей диалог алаңы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ-ның казіргі төрағасы, Солтүстік Македония Республикасының Сыртқы істер министрі Бюар Османиді қабылдады.

Кездесу барысында Президент Бюар Османиге ілтінат білдіре отырып, оның ЕҚЫҰ-ның казіргі төрағасы ретінде Қазақстанға сапары маңызды екенін атап өтті.

– Сіздің сапарыңыздың біз үшін маңызы зор. Мен еліміздің осы ұйымға мүше сенімді мемлекет ретінде ЕҚЫҰ-ны қолдайтынын айрықша атап өткім келеді. Ұйымдағы пікірлер қайшылығына қарамастан, ЕҚЫҰ – баламасы жоқ ұйым. Сондықтан біз оның әлеуетіне қолдау білдіруге күш салуымыз керек. 2025 жылы Хельсинки қорытынды актісінің 50 жылдығын атап

өту аясында ЕҚЫҰ-ның өзара диалогқа арналған бірегей платформа ретінде қызмет етуіне жағдай жасау өте маңызды. Еліміздің ЕҚЫҰ-мен тығыз ынтымақтастығы, 2010 жылғы Астана саммитінің декларациясында бекітілгендей, қауіпсіз қоғамдастық құру туралы ортақ көзқарасқа негізделеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Солтүстік Македония арасындағы қарым-қатынасты нығайту перспективаларына айрықша тоқталды.

– Екіжақты қарым-қатынасымызда ешқандай мәселе

жоқ. Біз ынтымақтастығымызды кеңейту тұрғысынан елеулі нәтижеге жеттік. Еліңізді Қазақстанның Еуропадағы өте маңызды серіктесі ретінде қарастырамыз және біз Скопьеде өз елшілігімізді ашу жөнінде шешім қабылдадық, – деді Президент.

Өз кезегінде Бюар Османи ЕҚЫҰ-ның Қазақстанмен және Орталық Азия өңірімен өзара байланысты дамытуға зор маңыз беріп отырғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, 2010 жылы Астанада өткен ЕҚЫҰ саммиті Қазақстанның осы ұйым қызметінің негізгі бағыттарын қолдаудағы белсенді ролін көрсетті.

– Солтүстік Македонияның ұйым төрағасы ретіндегі ұраны – «Барлығы адамдар үшін». Бұл біздің адамға бағдарланған ұстанымымызды білдіреді. Сіздің реформалар бағдарламаңыз да адамдарға арналған әрі ол ЕҚЫҰ-ның қағидаттары мен міндеттемелерімен ғана емес, біздің ұйым төрағалығындағы басымдықтарымызбен де үндес. Сонымен қатар біз Қазақстанның өңірлік, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды ролін атап өткіміз келеді, – деді министр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Солтүстік Македония Президенті Стево Пендаровскийге ізгі тілегін жолдап, оны Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

Еңбегі үшін алғыс айтты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сэр Сума Чакрабартиді қабылдады.

Кездесу барысында Президент сэр Сума Чакрабартиге экономикалық даму мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесші лауазымында атқарған

жемісті еңбегі үшін алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев оның Реформалар жөніндегі жоғары кеңес аясында айтқан ұсыныстары бірқатар бағдарламалық құжатта

қолдау тапқанын атап өтті. Мемлекет басшысы сондай-ақ Сума Чакрабартидің Қазақстанның инвестициялық саясатын жетілдіруге қосқан үлесіне оң баға берді.

Өз кезегінде Сума Чакрабарти зор сенім артқаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын жеткізді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Адам өмірін сақтап қалуға байланысты қиын-қыстау жағдайда көрсеткен ержүректігі мен жанқиярлығы үшін наградталсын:

«Ерлігі үшін» медалімен

- Сапарғалиұлы Гюнай Шюкрю – «Expro Masters» ЖШС менеджері, Алматы қаласы
- Исмаилов Эльдар Александрович – «Спарк Электромеханик» ЖШС электртригі, Алматы қаласы
- Иерделен Халил Мамедов Кенан Бабаұлы – «Спарк Электромеханик» ЖШС электромеханигі, Алматы қаласы
- Романов Вадим Анатольевич – «Frank-Asia» ЖК автокран операторы, Алматы қаласы

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 10 тамыз № 294

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Әкімімен Рақымжан Серікбайұлы Ернарзар Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық жоспарлау бөлімінің менгерушісі лауазымына тағайындалды.

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Банк атын жамылған алаяқтар

Елде қаржы пирамидалары «балалатқан», екінші деңгейлі банктердің атын жамылған алаяқтарға қатысты оқиғалар қиындап кетті. Соңғы кезде алаяқтар құбылмалылыққа, валюталық шектеулерге, ішінара жұмылдыруға байланысты жаңа сценарийлерге көшті. Мазасыздық тудырған оқиғаның бәрі алдап-арбауға жол ашты. Банк несиесі пайызының тым жоғарылығы олардың қолындағы көзір картасына айналды. Ә дегенде арбаған ұсыныс асығыс шешім қабылдауға мәжбүрледі.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Банк атынан азаматтарға телефон соғып, қызметтерді ұсынатын алаяқтар айылын жиоға асығар емес, тіпті уақыт өткен сайын үдеп барады. Әлеуметтік желілердің де банк алаяқтары туралы ақпараттардан «белі қайысып» тұр.

Алдаудың ең көп таралған түрі – алаяқтар өзін банктің немесе құқық қорғау органдарының өкілдері етіп таныстырады. Осылайша, қылмыскерлер адамның жеке ақпаратына қол жеткізе отырып, олардың банктік шотынан ақша алады. 2023 жылдың басынан бері барлығы 1,4 мың осындай қылмыс тіркелді.

(Соңы 4-бетте)



АЛАҒДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Апатты үйлер азаяр емес

Халықтың өмір сүру деңгейін айқындайтын бір өлшем қауіпсіз де жайлы ортаны қалыптастыру болса керек. Алайда апатты және тозығы жеткен үйлер проблемасы жұртшылықты талайдан толғандырып келеді. Қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі күмәнді үйлерде бірнеше мың адам тұратынын ескерсек, тұрғындардың тынышын қашығар мәселені тездетіп шешу қажет.

Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Тұрғын үйді жөндеу – біреудің қалауы емес, кезек күттірмейтін қажеттілік. Тірек құрылымның, іргетастың, қабырғалардың елеулі деформациясы пайда болған сәттен үй апатты жағдайда және тұруға жарамсыз. Сол секілді тозу деңгейі жоғары, яғни 65-70 пайызға дейін баратын үйлер тиісті жөндеуден өтіп, кейіннен үнемі техникалық бақылауда болуға тиіс. Бұл ретте елімізде тұрғын үй қорын жанарту бойынша атқарылар шаруа ауқымды. Республикамызда апатты тұрғын үй жағдайы кейбір жақсартуларға қарамастан, айтарлықтай күрделі болып қалып отыр. Мәселен, өткен жылдың соңында елде 2 мыңға жуық апатты тұрғын үй болған. Онда 29 мыңнан аса халық тұрады. Оның өзінде ресми деректерде Алматы қаласы, сондай-ақ Маңғыстау және Жамбыл облыстары бойынша былтырғы мәліметтер көрсетілмеген. Оған себеп – бұл өңірлердегі үйлерді апатты деп



тану жөніндегі комиссияның отырысы өтпеген. Атырау облысында – 379, Ақмола облысында 202 апатты үй тіркелген. Сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында – 175, Абай облысында – 127, Астана қаласында 206 апатты үй бар. Қазір де тозығы жеткен, жақын арада апатты үйлердің қатарына қосылып, төтенше күйге ауысатын үйлердің жеке статистикасы жоқ. Бірақ тұрғын үйлердің салынған жылына жүргізілген талдау жағдайдың маз емес екенін байқатады. Мәселен, өткен жылдың соңындағы дерек бойынша үйлердің 30%-ы немесе 746,9 мыңы 1970 жылға дейін салынған, яғни бұл үйлердің тұрғызылғанына жарты ғасырдан асқан. Мұндай жағдайда ғимаратты жөндеу мәселесі бірінші орынға шығады. Мысалы, Алматыда 1930-1975 жылдары

аралығында салынып, бүгінде пайдалану мерзімі өтіп кеткен 1,4 мыңнан аса екі қабатты үй бар. Жартысынан көбі Түркісіб, Бостандық, Жетісу аудандарында орналасқан мұндай үйлерде 60 мыңнан аса халық тұрады. Реновация бағдарламасын жүзеге асыруға өкілетті ұйым «Алматы» ӘКК» АҚ жұмысының нәтижесінде қаланың Әуезов, Жетісу және Түркісіб аудандарында 17 тұрғын үй салынып жатыр. Жалпы аумағы 2,1 мың шаршы метр болатын 59 пәтерлі 2 тұрғын үй пайдалануға берілді. Бағдарлама іске аса басталғалы 374 отбасы қоныстанған. Алматыдағы реновация бағдарламасы аясында 2021 жылдан бастап казіргі уақытқа дейін 42 апатты үй (322 пәтер) сүрілген.

(Соңы 6-бетте)



Қазақстан – Солтүстік Македония: Еларалық ортақ мүдде



Сенат спикері Мәулен Әшімбаев ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы, Солтүстік Македонияның Сыртқы істер министрі Буяр Османовпен кездесті. Кездесуде тараптар Қазақстан Парламенті Сенаты мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту келешегін талқылады.

«ЕҚЫҰ – Халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың заманауи келбетін қалыптастыруға қатысатын негізгі институттардың бірі. Біз ұйымның барлық маңызды бағыты бойынша өзара іс-қимыл орнаттық. Сенат қызметінде парламентаралық ынтымақтастық ба-сым бағыттардың бірі болып қала береді. Ұйымның Парламенттік Ассамблеясы ЕҚЫҰ кеңістігінде қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа қатысты маңызды мәселелерді шешуде айтарлықтай мүмкіндіктерге ие екені сөзсіз», деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат кезінде Ауғанстан мен Украина мәселесі, өңірдегі ахуал, сондай-ақ Орнықты даму мақсаттары бойынша қолға алынған жұмыс барысы талқыланды. Осыған орай Палата төрағасы Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі

парламенттік комиссия атқарып отырған жұмыстарға тоқталып өтті. Сонымен қатар Сенат төрағасы ЕҚЫҰ төрағасына Парламенттің Мемлекет басшысының бастама-сымен іске асырылып жатқан реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытындағы жұмысы туралы айтып берді.

Өз кезегінде Буяр Османов елде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық өзгерістерді жоғары бағалады және әртүрлі бағытта, оның ішінде жаңа жобалар бойынша ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін білдірді.

Кездесуде тараптар Қазақстан мен Солтүстік Македонияның екіжақты байланысын арттыруға, оның ішінде депутаттардың экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға, туризмді дамытуға және өзара қызығушылық тудыратын басқа бағыттар бойынша бірлесіп әрекет етуіне қатысты мәселелерге де назар аударды.

Ұлттық комиссия отырысы

Президент Әкімшілігінің басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Президент жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өтті.



Президенттік жастар кадр резерві – Мемлекет басшысының талантты жастар үшін пәрменді әлеуметтік лифт болып табылатын алғашқы жария бастамаларының бірі.

Мемлекет басшысының тапсыр-масымен Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу екі жылда бір рет өтеді. Бұдан бұрын тиісті резерв 2019 және 2021 жылдары жасақталды. Іріктеліп алынған кадрлар ішінен 264 резервші мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордағы әртүрлі лауазымдарға тағайындалды. 31 резервші саяси лауазымдарды, 6 – «А» корпусының әкімшілік лауазымдарын атқарады.

Ұлттық комиссияның отыры-сында 1 қыркүйекте басталып, жыл соңына дейін жалғасатын Президенттік жастар кадр резервіне жаңа іріктеуді ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Іріктеу шеңберінде кандидаттар-

дың мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу, ситуациялық тапсыр-маларды шешу қабілеті, сондай-ақ құзыреттері бағаланады және олар өңгімелесуден өтеді.

Іріктеуден сәтті өткендер мемлекеттік қызметтің және квазимемлекеттік сектордың жауапты лауазымдарына конкурстан тыс тағайындау құқығымен үш жыл мерзімге резервке алынады. Іс-шара барысында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев алдағы іріктеуді өткізуге дайындық туралы баяндады.

Іріктеуді өткізу тәртібі мен мерзімдері туралы толық ақпарат Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің сайтында жарияланады. Отырыс қорытындысы бойынша аталған іс-шараны сапалы іске асыру және жастарды іріктеуге қатысу үшін кеңінен тарту бойынша тапсыр-малар берілді.

Абыздың тойы – елдіктің тойы

Мәжіліс төрағасы салтанатты іс-шараға қатысты

Павлодар облысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті. Баянауыл ауданында ұйымдастырылған алқалы жиынға Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, облыс әкімі Асайын Байханов, зиялы қауым өкілдері, жергілікті жұртшылық пен қонақтар қатысты.

Жолдыбай БАЗАР,
«Egemen Qazaqstan»

Біртуар ақын, тарихшы, этнографтың туған жері Баянауыл ауданында 100-ден астам киіз үй тігілді. Киіз үйден тұрғызылған этноауыл Ескелді шатқалында орналасты.

Халықтық мерекелер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухына құран бағышталғаннан кейін басталды.

Мемлекет басшысының тапсыр-масымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шараға қатысқан Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов салтанатты іс-шараның ашылу рәсімінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халқымыздың ауыз әдебиетін, шежірелі тарихын және салт-дәстүрін жан-жақты зерделеп, ұлт руханиятын дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Халықты өнер-білімге шақырған өлеңдер мен толғаулар, дастандар мен киссалар жазып, төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтті. Ұлы ойшылдың мол мұрасы әлі де талай ұрпақтың қажетіне жарары сөзсіз. «Салған мені бейнетке ғылым-білім» деп ақынның өзі жырлағандай, терең таным мен терең білімнің арқасында елге танымал болып, «Мәшһүр» атанған абызды ұлықтап, еңбектерін жұрттың жадында жаңғырту – баршамыздың ортақ парызымыз», делінген Президент құттықтауында.

Алқалы жиында Ерлан Қошанов Ертіс-Баянауыл өлкесі ұлтымыздың тағдыры мен тарихына ашпес із қалдырған ұлы перзенттерді дүниеге әкелген киелі топырақ екенін атап өтті. Солардың бірі де бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәжіліс төрағасы ақын өлеңдері мен көсемсөзі қазақ руханиятының алтын қорынан ойып тұрып орын алатынын айтты.

– Ол кезде заман қандай болғанын білеміз. Сол аласапыран уақыттың өзінде қаншама шежірені, дастан-киссаларды, ертегілерді, айтыс үлгілерін көзіңді майын тамызып отырып жинағаны ерлікке пара-пар, – деді Мәжіліс Төрағасы.

Сөз соңында Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі мен мол мұрасы халқымызбен бірге мәңгі жасай беретінін ерекше жеткізді.

Облыс әкімі Асайын Байханов Мемлекет басшысының құттықтау хат жолдауы тұрғындар үшін мерейтойдың маңыздылығын айшықтай түскенін айтты.

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы қазақ әдебиеті мен қоғамында лайықты орын алады. Бүгінде Мәшһүр атамыздың құрметіне салынған Павлодар қаласының бас мешіті – мұсылман халқының киелі шаңырағына айналды. Ал 2006 жылы бой көтерген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі Қазақстанның киелі жерлерінің картасына енгізілген. Оған жыл сайын мыңдаған адам зиярат етуге және баба рухына құран бағыштауға келеді. Бабамыздың асыл мұрасы молая берсін, – деді аймақ басшысы.

Аталған жиында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мерейтойдың елдік маңызына тоқтала келе, былай делі:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі», – деп атап көрсетіп, «адал азамат» тұжырымдамасын алға тартқаны белгілі. Сонау ілкі ғасырлардан бастау алған «кемал адам» ілімі мен «толық адам» ұстынынан тамыр тартып, ұлттың болмысын қалыптастыратын осы ұлттық қасиеттердің асыл арқауын жалғаған бірегей абыздарымыздың бірі Мәшһүр деп санаймыз.

Мерейтой шарасында Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов та сөз алып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының



еліміз бен руханиятымызды дамыту жолындағы тарихи ролін атап өтті.

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ мәдениетіне үлкен үлес қосып, ұлттық құндылықтарымызды нығайту үшін еңбек етті. Мұндай адамдар, сөзсіз, бүкіл қазақ халқының мақтанышы. Сондықтан біздің министрлік асылдарымыздан қалған мол мұраны болашақ ұрпаққа жеткізу бағытында жұмысым одан әрі жалғастырады, – деді ол.

Баянауылда «Мәшһүр жол» аудио кітабы, «Тандамалы шығармалар жинағы» 10 томдығының тұсауы кесілді. Оқырманның есіне сала кетейік. Мәшһүрдің басындағы кесене үш мәрте тұрғызылған. Соңғысын мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің жобасы негізінде сол кездегі Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Арын тұрғызуға себепші болды. Осы оқу орнының профессоры, марқұм Қуандық Мәшһүр Жүсіптің бастама-сымен 20 томдық шығармалар жинағы шыққан еді.

Мереке аясында республикалық «Көне ғасыр күмбірі» атты жыршы-термешілер байқауы, республикалық айтыс, ұлттық спорт түрлерінен «Көкпар», «Бәйге» жарыстары, колөнершілердің мерекелік саймасы, т.б. ұйымдастырылды. Иса Байзақов атындағы облыстық филармонияның әртістері мен облыс қалалары мен аудандарының шығармашылық ұжымдары көрермендерді өз өнерлерімен қуантты. Мерекеге барлығы 20 мыңнан астам адам жиналды.

Тарқата айтар болсақ, екі кезеңнен тұратын жыр додасы екі күн қатарынан өтті. Ескелді ауылында өткен республикалық «Көне ғасыр күмбірі» атты жыршы-термешілер байқауына Павлодар, Қостанай, Ақтөбе, Түркістан, Астана, Қызылорда облыстарының 10 өнерпазы қатысты. Байқау қорытындысы бойынша үшінші орынды және ақшалай 200 мың теңгелік сертификатты Успен ауданынан Ербақ Құрметжан, Павлодар облысынан Бекен Жігер, Қостанай облысынан келген Әбдірахман Алпысов жеңіп алды. Екінші орын мен 300 мың теңгелік сертификат Павлодар қаласынан келген Абылайхан Бектасов пен Астана қаласынан келген Күнсұлу



Түрікпенге бұйырды. Бас жүлде – 700 мың теңгелік ақшалай сыйлықты Түркістан облысының намысын қорғаған Еділ Жораев иеленді.

Сонымен қатар республикалық айтыста үшінші орын мен 500 мың теңгелік сертификатты Рауан Қайдар және Мәрс Байрон, екінші орын мен 700 мың теңгелік сыйақыны қызылордалық Нұрмат Мансұров еншіледі. Бірінші орын мен

1 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сыйлықты қарағандылық Дидар Камиев алды.

Бас жүлдеге екі айтыскер лайықты деген шешім қабылданды. Олар – Баянауылдың айтыскері Аспанбек Шұғатаев пен түркістандық Бекарыс Шойбек.

Суырып салма ақындардың айтысы екі күнге созылды. Ал айтыскерлердің әділ бағасын беріп, қазылық еткен – Мәжіліс депутаттары Жарқынбек Амантай, Жанарбек Әшімхан, белгілі ақындар Ғалым Жайлыбай, Жұмкен Сейітов, Асығат Тұрғанбек.

Ескелді шатқалында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай ұлттық спорттық ойындардан да жарыстар ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар республикалық деңгейде өтті. Спорттық ойындардың жүлде қоры 13 миллионнан астам теңгені және екі автокөлікті құрады. Көкпар ойындарында үздік үштікке Баянауыл ауданының құрамасы ілініп, 2 миллион теңгелік сертификатты ұтып алды. Ал екінші орынды Май ауданының көкпаршылары алды. Оларға 3 миллион теңге берілді. Бірінші орынды Екібастұз қаласының спортшылары алып, 5 миллион теңгенің иегерлері атанды.

Қазақ күресі ойындары назардан таса қалмады. Республикадан жиналған балуандар күш сынасып, өзара кіл мықтыны анықтады. Күрес 80+ салмақ дәрежесінде өтті. Үшінші орынды және 300 мың теңгені астаналық балуан Айбат Сейтен алса, екінші орынды және 500 мың теңгені оның жерлесі Олжас Шынкеев ұтып алды. Бірінші орынды жерлесіміз, Қазақстан барысы байқауының қола жүлдегері Мұхтар Дәлелхан қанжығасына байлады.

Бөйгеде 50-ге жуық шабандоз бақ сынады. Ұлттық спорттың бұл түрі екі бөлім бойынша өтті. Аламан бөйгеде үшінші орынды Әмір есімді жерлесіміз ұтып алып, 500 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Екінші орынды және 1 миллион теңгені алматылық Абзал атты шабандоз иеленді. Ал жүзден жүйрік шығып, автокөлік иеленген шабандоз астаналық Асланбек есімді шабандоз.

Асланбек 20 шақырымдық бөйгеде де үшінші орын алып, 500 мың теңге еншіледі. Осы қашықтықтағы бөйгеде екінші орын мен миллион теңгені алматы-

лық Абзал есімді шабандоз алса, бірінші орынды Семей қаласынан келген шабандоз Дарын иеленіп, оған автокөлік бұйырды.

Ақын, ойшыл, фольклор жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ағартушылық қызметпен белсенді айналысты. Араб және парсы тілдерін жетік біліп, халық мұрасын жинақтап, ұрпағына қолжазба түрінде аманаттап кетті.

Шаруа шығыны толық өтеледі

Жамбыл облысына жұмыс сапарымен келген Премьер-министр Әлихан Смайылов жергілікті дикандармен жүздесіп, шаруаларды алаңдатқан өзекті мәселелерге ден қойды. Сондай-ақ ол Сенкібай су арнасы құрылысы барысын тексеріп, вегетациялық кезеңде суды пайдалану тиімділігін арттыруға байланысты атқарылып жатқан жұмыстарға назар аударды.

Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ, «Egemen Qazaqstan»

Өңірдегі ауылшаруашылық құрылымдарының басшыларымен кездескен Үкімет басшысы субсидиялау, ауыл шаруашылығы техникасы мен минералды тыңайтқыш сатып алу, егістік алқапты сумен қамтамасыз ету және өзге өзекті мәселелерге қатысты ойымен бөлісті. Өз кезегінде шаруалар құрғақшылық салдарынан болған шығынды өтеу мәселесін көтерді.

Көпшілікті алаңдатқан мәселе Үкімет назарынан тыс қалмаған. Құрғақшылық салдарынан шығынға батқан шаруалардың мәселесін тыңдаған Премьер-министр өңірлік деңгейде төтенше жағдай жариялау және Үкімет резервінен қаржы бөлу есебінен фермерлердің шығынын өтеу мәселесі пысықталып жатқанын сөз етті.

«Жоспарға сәйкес қыркүйек айының соңына дейін барлық шығын есептеліп, тиісті қаржы бөлінеді. Сондай-ақ республикалық бюджеттен субсидияларға қаржы бөлу және оны кешіктірмей төлеу мәселесін жеделдетіп жатырмыз. Бұл жұмысты Мемлекет басшысы өз бақылауына алған», деді Ә.Смайылов.

Жергілікті жұртты алаңдатқан өзекті мәселенің бірі – «Жасоркен» гидробекетін қалпына келтіру. Сол арқылы суды әділ бөлуге мүмкіндік тумақ. Жамбылдықтардың көкейкесті проблемасы да Премьер-министрдің назарынан тыс қалған жоқ. Ә.Смайыловтың айтуынша, Үкімет резервінен 450 млн теңге қаржы бөлу туралы жауапты министрлікке және әкімдікке тиісті тапсырма берілген.

«Жамбылдықтарды алаңдатқан мәселені шешудің барлық тетігі қарастырылған. Енді бұл жұмысты кешіктірмей, биыл бастап кету керек», деді Үкімет басшысы.

Дикандармен кездесу барысында Ә.Смайылов бүгінде ұнғымаларды қазуға кеткен шығындарды өтеу үлесін 50-ден 80 пайызға дейін жеткізу мүмкіндіктері қарастырылып жатқанын жеткізді.

Деректерге сенсек, өңірдегі суармалы жер көлемі 181,8 мың гектарды құрап отыр. 2025 жылға қарай инфрақұрылым

нысандарын жөндеу және жаңа 14 су қоймасын салу арқылы тағы да 54,9 мың гектарды айналымға енгізуге мүмкіндік тумақ.

Ағын суды тиімді пайдалану мақсатында бүгінге дейін 54,3 мың гектар жерге су үнемдеу технологиялары енгізілген. Бұл көрсеткішті жыл соңына дейін 57 мың гектарға жеткізу жоспарланған. Өңір басшысы Нұржан Нұржігітов жерасты суларын тиімді пайдалану, ұнғымаларды бұрғылау және басқа да су үнемдеу шараларын жүзеге асыру жергілікті биліктің басты назарында болатынына сендіріп отыр.

Дикандарды ылғал үнемдейтін технологияларды қолдануға ынталандыру үшін инвестициялық субсидиялар түрінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Ол заманауи суару жүйелерін сатып алуға жұмсалған шығындардың 50 пайызын өтеуді, сондай-ақ барлық қажетті инфрақұрылымды жүргізуді көздейді. Бірнеше жыл ішінде 385 шаруа қожалығына 5 млрд теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар жалпы көлемі 53,9 мың гектар аумақта маңызы бар суару каналдарын, дренаждық жүйелерді және басқа да құрылыстарды қайта жаңғырту және салу бойынша жобаларды пысықтау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, ұзындығы 21,8 шақырым болатын Сенкібай каналы 4 мың гектар суармалы жерді сумен қамтамасыз етеді.

Премьер-министр өңірдегі жұмыс сапары кезінде Тараз қаласының сарқынды суларды сүзу алаңдарының жай-күйімен танысты. Сондай-ақ кәріз-тазарту құрылыстарын салуға дайындық барысын зерделеп, жаңадан бой көтерген облыстық көпсалалы онкология және хирургия орталығына ат басын бұрды.

Таразда сарқынды суларды сүзу алаңдары 1962 жылы салынған, бүгінде әбден тозығы жеткен. Олардың жобалық құрамы – тәулігіне 43 мың текше метр, іс жүзінде онда күн сайын шамамен 70-80 мың текше метр сарқынды су жиналады. Мәселені шешу үшін әкімдік жаңа кәріз-тазарту құрылыстарын іске қосу жобасын әзірлеген. Қазіргі уақытта қажетті техникалық құжаттама дайындалып жатыр. Құрылыс



жұмыстарын 2025 жылы бастау жоспарланып отыр.

Өңірдегі жағдаймен танысқан Премьер-министр Таразда өнеркәсіп нысандарының көбейіп, халық саны артып келе жатқанын, алайда қалада әлі күнге шешімін таппаған коммуналдық мәселелер бар екенін атап өтті.

«Қалада тазарту қондырғылары жоқ. Бұл өзендер мен жерасты суларының ластануына әкеліп соқтыратын үлкен проблемаға айналды. Әкімдік жоспарлы қуаттылығы тәулігіне 100 мың текше метр болатын жаңа тазарту қондырғылары бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп жатыр. Жобаны жүзеге асыруға тездетіп кірісу керек», деді Ә.Смайылов. Сондай-ақ ол «Казфосфат» ЖШС полигоны мен қалдықтардың жиналуына қатысты түйткілді мәселелерді шешу қажеттігін айтты.

Жұмыс сапары барысында Ә.Смайылов өңірдегі өңдеу өнеркәсібінің даму барысымен танысып, ірі кәсіпорындарға барды.

2023 жылдың 7 айында өңірде өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 510,1 млрд теңгені құрап, өсім 7,8 пайызға жеткен. Қазіргі уақытта 838 кәсіпорын жұмыс істейді, жұмыспен қамтылғандар саны 43,2 мың адамды құрайды.

Үкімет басшысы өңірдегі іргелі кәсіпорындардың бірі – «ЕвроХим Қаратау» ЖШС-не барып, өңірдегі химия саласының даму қарқынын бағамдады.

Жалпы алғанда «ЕвроХим» компаниясы ауқымды инвестициялық жобаның бірінші кезеңін іске асырған. Тау-кен кешені негізінде жылына 660 мың тоннаға дейін фосфорит өндіру жолға қойылды және қуаттылығы жылына 640 мың тонна орташа ұсақтау және ұсақ ұнтақтау торабы салынды. Инвестиция сомасы 126 млн долларды құрады.

Екінші кезеңде минералды тыңайтқыштар өндіретін химиялық кешеннің құрылысы басталды. Өндіріс қуаттылығы жылына кемінде бір млн тонна өнімге жетпек. Екінші кезеңді іске асыру млрд доллардан аса тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға, 1 200 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Премьер-министр Үкіметтің химия өнеркәсібіндегі жобаларды жүзеге асыруға үлкен көңіл бөліп отырғанын, сондықтан жаңа зауыттың жұмысы өңірдің ғана емес, жалпы республиканың дамуы үшін де маңызды екенін баса айтты.

«Бұл жоба іске асырылса, ауыл шаруашылығы саласының қажетті минералды тыңайтқыштарға деген сұранысы тиісті деңгейде қамтамасыз етіледі және қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие өнімді тезірек шығару үшін зауытты уақытылы іске қосудың маңызы зор», деді Ә.Смайылов.

Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов химия өнеркәсібінде өнім өндіру көлемінің тұрақты өсу үрдісі байқалып отырғанын, бұл өңірдің Қазақстанда химиялық өнім өндіру бойынша жетекші рөлін қамтамасыз ететінін атап өтті.

Үкімет басшысына «ЕвроХим» және «Шу» автоматтандырылған газ тарату стансалары құрылысының барысы жайлы ақпарат берілді. Бұл Сарысу және Шу аудандарының 32 елді мекенін (61,7 мың адам), «ЕвроХим-Қаратау» ЖШС-нің жаңа химиялық кешені және Мойынқұм ауданының 24 елді мекенін (28,7 мың адам) газбен қамтуға мүмкіндік береді.

Шу ауданында Ә.Смайылов «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының қызметімен танысты. Премьер-министрге «TAS Market»

ЖШС-нің кремний кластерін құру бойынша инвестициялық жобасы таныстырылды.

Еліміздегі алғашқы сода шығаратын зауыттың құрылысы да Үкімет басшысының назарына ұсынылды. Жобаны «Yildirim Holding» түрік компаниясының еншілес кәсіпорны «QazaqSoda» ЖШС жүзеге асыруда. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі. Өндірістік қуаттылығы – жылына 500 мың тонна. Келешекте жылына 1,2 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспарда бар. «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында электр желілері тартылды, су құбырын салу, теміржол инфрақұрылымын жабықтау жоспарланып отыр.

«Біз бұл жобаларды қолдаймыз және жетіспейтін инфрақұрылымды тарту бойынша жұмыстарды жалғастырамыз. Мұны бір жыл ішінде іске асыруға болады. Индустрия министрлігі мен ҚТЖ-ға тиісті тапсырма беремін», деп түйіндеді сөзін Ә.Смайылов.

Н.Нұржігітов Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес инвестиция тарту, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жұктемесін ұлғайту, жаңа зауыттардың құрылысын өңірдің маңызды мәселелерін тұрақты бақылауда екенін айтты.

Сонында Премьер-министрге өңірде «Ауыл аманаты» жобасының іске асырылу бағыты туралы ақпарат берілді. Мемлекет басшысының қолдауымен әзірленген жоба 2019 жылы Жамбыл облысында іске қосылып, өзінің экономикалық және әлеуметтік тиімділігін дәлелдеді. Жалпы, 2019-2023 жылдар аралығында облыс бойынша оны жүзеге асыруға 42,3 млрд теңге бөлінді. Соның негізінде 50 ауылдық округтен 11 мыңға жуық адам өз кәсібін ашты.

Жамбыл облысы

Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғалиның төрағалығымен өткен отырыста жылыжай шаруашылығын дамыту мәселелері қаралды.

Күн тәртібінде – жылыжай мәселесі

Саланың негізгі көрсеткіштері туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев баяндады. Оның айтуынша, Қазақстандағы жылыжай көлемі өткен жылдың қорытындысына сәйкес 232,3 гектарға қысқарып, 1,2 мың гектарды құрады. Сондай-ақ жылыжай аумағының қысқаруы өндірілген өнімнің өзіндік құнының жоғары болуына және бизнестің төмен рентабельділігіне байланысты.

Бүгінде жылыжайлардың негізгі бөлігі Түркістан облысында – 824,2 га, Алматы облысында – 79 га, Қарағанды облысында – 43 га, Шымкентте 139,2 га көлемінде шоғырланған. Қазақстанның басқа аймақтарында да жылыжайдың салыстырмалы түрде шағын алаңдары бар.

Вице-министр АШМ маусым-аралық кезеңде электр энергиясы, газ, көмір шығындарын субсидиялауды енгізу бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Ол үшін 2023 жылғы 1 мамырдан бастап күшіне енген фермерлік жылыжайларға арналған ұлттық стандарт (ҚР СТ 3834-2023) бекітілді.

Жыныға бейнеконференция арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өздері де қатысты. Түркістан облысындағы «Агротур» шаруа қожалығының басшысы Тұрсын Тасходжаевтың айтуынша, жалпы жылыжай мәселесі шешіле бастаған.

«Сен қозғалды, жылыжай шаруашылықтары үшін стандарттар құру мәселесі жабылды. Көмір бойынша айтар болсақ, біз «Шұбаркөл Көмір» АҚ-мен отын жеткізу туралы шарт жасасу үшін кооператив құрдық. Біз өзіміз шамамен 30-35 мың тонна сатып алдық, одан көп алуға қорқамыз, өйткені егер көп мөлшерде сактасақ, ол жанып кетуі мүмкін. Алтап ыстық басылғанда шаруалар жанармай сатып ала бастайды. Егер субсидия болса, онда жылыжай шаруашылықтары белсенді өсім көрсете бастайды, шаруалар нәтижеге жұмыс істей бастайды», деді Т.Тасходжаев.

Жақын арада инвестициялық субсидиялау шеңберінде жылыжай кешендерін салу және кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру кезінде шығындарды өтеуді 25%-дан 30%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр. Ереженің жобасын қыркүйек айының соңына дейін бекіту жоспарланған.

Бұған қоса жабық топырақта өсірілген көкөніс дақылдарын өндіруді дамыту мақсатында тыңайтқыштар (органикалық дақылдарды қоспағанда), пестицидтер, биоагенттер мен биопрепараттардың құнын субсидиялау, суармалы су, қияр және қызанақ тұқымдарын беру арқылы мемлекеттік қолдау жалғасады.

Көптің күтері – нақты нәтиже

Осыдан бірер күн бұрын ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз мүлдем жаңа бағытқа көшу үшін Қазақстанның экономикалық дамуына тың серінін беріміз керек... Халық бізден нақты шешімдер күтеді, өйткені ең өзекті мәселелерді шешу қажет», деп мәлімдеді. Осы арқылы ол мемлекеттік шаруашылық жүргізу ісінде ілгері өркендеудің жаңа үлгісі жасалатынын, алдағы ауқымды жұмыстарға баршаның жұмыла кірісуі қажет болатынын аңғартты. Мұндай маңызды үлкен істе Үкіметке де қолдау керек. Сондықтан қандай меншіктегі болмасын әрбір ұйым, кәсіпорын экономиканы ілгерілетуге қалай күш қосатынын өзі көре біліп, кеметігін түзеп, қажет етілетін жерге «қалана кеткені» саналық ілгерілеуімізді көрсетеді деп білеміз.

Президентіміз әлемдік бәсекеге қабілетті және заманауи инновациялық технологияға арқа сүйейтін экономиканы орнықтыру, бұл үшін мемлекеттік шаруашылықтың барлық саласында өз ісін жетік білетін білікті мамандар болуы қажеттігін бұрын да айрықша атап көрсеткен болатын. Бұл ретте жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтудің маңызы зор. Ал бәсекеге төтеп беру ең әуелі білім сапасын арттыруға, білім алушыларға және білім берушілерге талаптарға сай жағдай жасауға байланысты.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең үздік жоғары оқу орындарының қатарындағы Алматы технологиялық университеті тағам, өңдеу, тоқыма және жеңіл өнеркәсіп салалары, инжиниринг және IT, бизнес, қызмет көрсету мен қонақжайлық индустриясы үшін мамандар мен ғылыми кадрлар даярлап келеді. Университет жаһандық білім беру кеңістігіне белсене кірігіп, халықаралық ауқымда барған сайын таныла түсу үстінде. Мұнда таңдаған мамандықтар бойынша өндірістегі практикамен тікелей өзара байланысты қамтитын осы заманғы

ғылыми-білім беру үдерісі жоғары деңгейде құрылған. Мұның бәрі өнім әлемдік, өңірлік және ұлттық рейтингтердегі көрсеткіштерімен қуатталады. Мәселен, осы жылы QS Quacquarelli Symonds (Ұлыбритания) Халықаралық рейтинг агенттігінің айқындауы бойынша, Алматы технологиялық университеті дүниежүзінің 100 елінің таңдаулы оқу орындары арасында 801-850 орынды иеленді. Бұл өте жақсы көрсеткіш деп бағаланады. Сондай-ақ QS Stars халықаралық рейтингінің сарапшылары «Білім беру» және «Жұмысқа орналасу» санаттары бойынша АТУ-ды 5 жұлдызбен атап өтті. Қазақстан жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингінде АТУ үздік жоғары оқу орындары бестігіне кіреді. Бұл білім сапасына қатысты деректердің бір парасы ғана.

Ғылым және жоғары білім министрлігі білім сапасын арттыру, студенттерге қажетті жағдай жасау, әсіресе жатақханамен қамтамасыз ету мәселесінде оқу орындарымен тығыз байланыста. Осы орайда айтар болсақ, АТУ-ды таңдаған мемлекеттік грант иелерінің саны жылдан-жылға

көбейе түсуде, соның өзінде жатынжайға мұқтаж студенттердің 75 пайызы жатақханадан орын алады, бұл қолданыстағы норма сай көрсеткіш. Өткен жылы «Egemen Qazaqstan» газетінде студенттер санының арта түсуін ескере отырып, тағы бір жатақхана салына-тынын айтқан едік. Міне, жаңа оқу жылы 300 орындық заман талабына сай жаңа жатақхана ғимаратының пайдаланылуға берілуімен басталмақ. Бұған қоса тағы бірлі-екілі жатақхана салу үшін жер телімін алу мақсатында Алматы қаласы әкімдігімен жұмыс жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар жатақханалардың барлығында тиісінше күрделі немесе ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі кезде бәрі де жаңа оқу жылына сақалдай сай тұр. Университеттің бас корпусында да жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылу жүйелері жаңартылды.

Қазіргі уақытта 8 мыңға жуық студент оқитын АТУ-дың ғылым-білім тұрғысында айтарлықтай материалдық-техникалық базасы бар. Мұнда бес факультет, университет базасында құрылған

Қазақстан-Швейцария қонақ үй бизнесі және туризм институты, 3 ғылыми зерттеу институты, 12 оқу-ғылым орталығы, заманауи жабдықтармен жарақтандырылған 13 ғылыми зерттеу зертханасы, шағын зауыттарға не тағам және өңдеу өндірісі технопаркі, мейрамхана ісі мен қонақ үй бизнесі оқу орталығы, тамақтандыру компаниясы, 2 спорт залы мен стадион, 2 медпункт, баспахана, студенттерге қызмет көрсету орталығы бар. Материалдық-техникалық база ауқымы 70 мың шаршы метрді құрайды, оған 4 оқу корпусы, 5 студенттік жатақхана кіреді.

Гранттар арқылы және ақылы негізде білім алушылар санының артуына орай 9 қабаттан тұратын тағы бір жаңа оқу корпусының құрылысын бастау көзделіп отыр.

Университет жетістіктерінің барлығы – оның профессор-оқытушылар құрамы мен барлық қызметкерлері еңбегінің жемісі. Олардың жалақысы биыл 30 пайызға көтерілді. Басқа да материалдық және моральдық тұрғыдан қолдау шаралары әрдайым назарда тұр.

Сөз басында, Президент атап көрсеткендей, Қазақстанда экономикалық дамудың жаңа үлгісіне көшу қолға алынатынын айттық. Соған орай, елімізде тұрақты сұраныстағы, халық тұтынатын тауарлар шығаратын жеңіл өнеркәсіп саласын жедел жаңғыртып, өркендету керек. Сонда мыңдаған адам жұмыс орындары ашылар еді, осы салада бәсекеге қабілетті отандық тауарлар кенінен өндіріліп, ел ішінде және сыртта сұранысқа ие болатын жағдайларды қарастыруды Үкімет назарына ұсынар едік. Алматы технологиялық университеті бұл іске белсене араласуға дайын, бұл үшін ғылыми білім және материалдық-техникалық тұрғыдан қажетті базамыз бар. 65 жылдан астам уақыттан бері жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін даярланып келе жатқан мамандар сапасын да, санын да арттыру – университет жұмысы үшін абыройлы міндет.

Талғат ҚҰЛАЖАНОВ,
Алматы технологиялық университетінің ректоры, академик



I ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Банк атын жамылған алаяқтар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алаяқтар қолданатын әлеуметтік инженерияның заманауи әдістері тәжірибелі және қаржылық сауатты адамды да шатастыруы мүмкін. Осыған дейін елдің қаржы нарығын «еркін жайлаған» қаржы пирамидаларының басым көпшілігі шетелден басқарылды. Тіпті арнайы интернет қызметтердің көмегімен аты-заты белгісіз шетелдік нөмірмен қызметтерін жалғастыра беретін. Алайда қазақстандық ұялы байланыс операторлары кез келген нөмірді тіркеуді міндеттеген соң мұндай еркінсудің жолы кесіліп, қазақстандықтар атынан «сөйлеу» қиындап кетті. Сондықтан олар профиль суретіне танымал банктің логотипін қояды да, мессенджердегі «қауіпсіз чатқа» өтуді ұсынады. Тіпті олардың Қазақстан қор биржасының (KASE) жалған сайты жасап, өз жарнамаларында KASE логотипін немесе KASE қызметкерлерінің фотосуреттерін пайдаланғаны айтылған. Азаматтардың банктегі мәліметтері мен карталарына снудің құпияларына дейін оңай сұрап білудің мың сан тәсілдерін меңгеріп алғаны айтылып та, жазылып та жүр. «Техникалық мониторинг» мақсатында деген желеумен азаматтардан төлқұжат деректерін, атап айтқанда, жеке сәйкестендіру нөмірінің мәліметтерін білгісі келеді немесе тексеру үшін деп шот ашуға немесе тестік-режимде несие алуға өтініш беруге және үшінші тараптың шотына ақша аударуға үндейді.

Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығы алаяқтықтың мұндай түрінің ізін кесу мүмкін емес екенін ашып айтып отыр. Себебі олар мұндай істерді көбінесе шетелдік сервистер арқылы атқаратын көрінеді. Демек даудамайы әлі күнге дейін басылмаған қаржы пирамидалары мен бүгінгі ЕДБ атынан әрекет етіп отырған қаржы алаяқтарының түп-төркіні – бір. IT шекараны мойындамайды. Қысқасы, қылмысты әрекеттерді ұйымдастыруға жұмсалатын шығындар пайда еселен жабатын көлеңкелі-криминалды бизнестің ең кең таралған түрі.

Бүгінгі кейіпкеріміз Абай облысы Аяғөз ауданы Тарлаулы ауылының тұрғыны, көпбалалы ана Индира Екімбаева бізбен әңгімесінде 2023 жылдың 15 наурызында бір күнде, бір мезгілде 4 бірдей банктен (Евразиялық банк, Хоумкредит банк, Форте банк, Халық банк) жалпы сомасы 7 млн теңге кредит онлайн түрде ресімдегені, кейін белгілі болғанындай, ол қаржы белгілі банктен есепшотына аударылып кеткенін баяндап берді.

И.Екімбаеваның айтуынша, 2023 жылдың 15 наурызында төрт рет онлайн несие алуға өтініш берген. Ол мұның себебін алаяқтық-гипноздық қысымның ықпалында болуымен түсіндірді. «Семей қаласында іссапарда жүрген кезде белгісіз нөмірден (8 771 650 71 41) қоңырау шалған әйел банктің қауіпсіздік бөлімінің қызметкері Виталий Пантелевичпен байланыстыратынын айтты. Сол сәтте менімен байланысқа шыққан Виталий Дина Қуандықызы Аманжолова деген әйелдің менің атыман онлайн-несие ресімдегенін, бұл қаржыны өзінің есепшотына аударып жіберуге дайындалып жатқанын айтты. Оның айтуынша, мұндай заңсыздыққа ұялы телефонымнан Евразиялық банктің қосымшасын ашып, ақшаны Виталий Пантелевичтің атына ашылған есепшотқа аудару арқылы ғана тоқтата алады екенмін», дейді И. Екімбаева.

И.Екімбаеваның айтуынша, бұдан әрі гипноз жағдайында Евразиялық банктің қосымшасындағы №5269 9400 3010 3404 карта шотына аударылған. Ол бұл шот банк қызметкеріне тиесілі деп түсіндірді. Ертесіне нақ осы банктің



Коллажды жасаған: Журен СМІГІЛ, «ЕО»

қосымшасы арқылы өзінің атына 3 млн теңге ресімделгені белгілі болды.

«Бірінші аударымнан кейін алаяқ маған whatsapp желісінде несие бойынша Евразиялық банктен қарыздың жоғы туралы анықтама жіберді. Содан кейін алаяқ маған Homecredit Bank-ке де солай істеуді тапсырды, дәл осылай мен телефон арқылы 2 млн теңгеге онлайн-несие ресімдедім және банктің 4049 3230 4412 9170 карточкалық шотына 1 млн теңге аудардым. Бұл есепшот Денис Золатарев деген азаматқа тиесілі екен. Үшінші рет аударылған 1 млн теңгені кімнің атына жібергенім есімде жоқ», дейді И. Екімбаева.

Біздің кейіпкеріміз айтып өткендей, тап осы жағдай ертеңіне Фортебанкпен қайталанды.

«Онлайн-несие арқылы жоғарыда айтып өткен азаматтың шотына 1 462 244 теңге, Халық банкте ашылған шотқа 550 000 теңге аудардым. Маған қоңырау шалған ұялы телефон нөмірлеріндегі аудио жазбалардың бәрі сақтаулы. Мен оны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тиісті орындардың атына жазылған арызға көрсеттім. Бірнеше сағаттың ішінде 4 несие алуға мәжбүрлеген фактордың себебін тиісті орындар тексерді деп үміттенемін. Менімен телефон арқылы байланысып, несие ресімдеуге қатысқан азамат Алматы қаласында тұрады. Күні кешеге дейін ұялы телефоны байланыс аясында болды. Киберқылмыспен айналысатын арнайы жасақталған бөлім Анти-фрод қызметкерлерімен көмегімен түйткілдерді тарқатуға болар еді. Абай облыстық прокуратурасы менің атыма ресімделген кредиттер бойынша Евразия банкінен осы күнге шейін ешқандай тергеу ісіне қатысты деректерді ала алмай отыр. 2023 жылдың 16 наурызында алаяқтар менің атыма онлайн-несие берген төрт банкке – Евразиялық банк, Хоумкредит банк, Форте банк, Халық банктің қауіпсіздік қызметіне бұл несиелерді төлеуді кейінге қалдыруды сұраймын. Менің бұл несиелерді төлеуге қаржылық мүмкіндігім жоқ», дейді И.Екімбаева.

Біз тілдескен келесі азамат, алматылық Қуаныш Айтқазықызы 2023 жылдың 23 шілдесінде кешкі сағат 18.37-де телефон арқылы интернет алаяқтардың арбауына тап болғанын, өзін Каспий банктің қауіпсіздік бөліміненмін деп таныстырған біреу оның атынан Халық және Хоум кредит бантерінен белгісіз Рахымжанов деген адам несие алғанын және оны банкке қайтаруы керек екенін айтып, екі банктен 7,5 млн

несие ресімдегенін айтып берді. Бұл қаржының 1 млн теңгесін Аймаханбет Досымжан Ержанұлының атына жазылған DCard 4302355499 картаға, DCard №4302490191 картаға – 1 млн теңге, DCard 4302490123 – 1 млн теңге, «Жусан банктегі» Вавулин Вадим Владимировичтің атына жазылған №KZ89886 Y220007416818 картаға 1 млн аударған.

«Халық банктен де осылай аударым жасадым. Арада бірер минут өткенде жоғарыдағы банктен «сіздің атыңыздан несие ресімделді» деген хабарлама келгенде ғана алданғанымды білдім. Өздерін банк өкіліміз деп таныстырғандар 87077895303, 87476757488, 87011553874, 87078262687 деген whatsapp нөмірлерінен хабарласты. 2023 жылдың 26 шілдесі, таңғы сағат 10.00-ден 10.35-ке дейін 87087099681, 87074560443, 87085022510 нөмірлерінен 27 рет қоңырау шалып, коқан-лоқы көрсетті. Алматы қаласы Васнецова көшесі 27/92-де орналасқан «Халық банктің» басшысы да алаяқпен сөйлесіп, телефон арқылы оқиғаның күзгері болды», дейді Қуаныш Айтқазықызы.

Қ.Айтқазықызы 25 шілде күні «Халық банктің» 7111 нөміріне қоңырау шалғанда олар кенеске келуін өтінгенін, Қаскелең қаласының ішкі істер басқармасындағылар несиеңн күші жойылады деген үмітке сеніп қалуға болмайтынын айтты. 2023 жылы 31 шілде күні Хоум кредит банктің қауіпсіздік қызметінен хабарласқан Алишер Матыбаев та банктің тек уақытша демалыс бере алатынын жеткізді», дейді Қ.Айтқазықызы.

Бұл тұста «алдаған кім, алданған кім?» деген риторикалық сұраққа жауап іздеуден аулақпыз. Бұл жағдайды миллиондаған адамды сан соқтырып кеткен қаржы пирамидаларымен салыстыруға болмайды. Алғашқы топ пен салымшылар арасындағы келісім қарабайыр құжаттарға негізделді. Ал бұл жолы алаяқтар ЕДБ атынан әрекет жасап отыр.

Алғашқы кейіпкеріміз И.Екімбаева айтып өткендей, олардың қолында кез келген банктің Қауіпсіздік Кеңесі арқылы бекітіліп беретін құжаттары болған. Демек бантеріміздің киберқорғанысы қауіпсіздік талаптарына сай келмейтінін көріп отырмыз. Кейбір тәуелсіз сарапшылар айтып жүргендей, ішкі нарықта жайлап жатқан 27 банктің ішінен тек Каспий банк қана осы талапқа сай келеді екен. Бұл жағдайға бантеріміздің ақпараттық технологиясының кемшілігі емес, киберхакерлер ойлап тапқан әдістің сол технологиядан

оқ бойы озып жүретіні ғана емес, адамдардың жеке басына қатысты құпия құжаттарды оңды-солды таратып жүретіні себеп болса керек.

Кей жағдайда банктен клиенттерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қолданатын жүйелердің көптігімен шатастырып алады. Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік қауымдастығының өкілі Виктор Покусов журналистермен әрбір кездесуде барлығы клиенттің компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттық қауіпсіздік мәдениетінің деңгейіне байланысты екенін айтудан шаршаған емес. «Қаржы алаяқтары мен клиент арасындағы мәміле жеке құпия кодтарын жария етуден басталады. Бұл мүлдем танымайтын адамға пәтер кілтін берумен бірдей. Мысалы, банктен SMS келсе, кодты ешкімге, тіпті банк қызметкеріне айтуға болмайды. Сізге SMS болып келген дерек ақпараттар базасында сақталып қалады. Киберхакерлерге біздің базамыздағы мәліметтер қорының есігін ашып беретін қару осы болса керек», дейді ол.

Оның айтуынша, жалған несиеңн ресімделуіне адам факторы кінәлі. Біздің елдегі қауіпсіздік технологиясының бәрі Батыс елдерінен келген. Елімізде компьютерлер мен ұялы телефондар жақында пайда болды, сондықтан адамдар интернеттегі алаяқтыққа дайын емес. Сол себепті халықтың қарыз жүктемесін азайту ғана емес, қаржылық сауаттылықты арттыру мемлекет үшін №1 стратегиялық міндет болу керек. «Онлайн-несие қалыпты жағдайға айналды. Банктен өз клиентін қорғау схемаларын ойлап тапса, алаяқтар осы қорғанысты айналып өту үшін соғұрлым көп схема ойлап табады», дейді В.Покусов.

Ішкі түйсік ЕДБ-де салымшылар туралы құпия ақпараттарды ұсынушы немесе сатушы топтар болуы мүмкін деген сұғанақ ой санамызда жыл етсе де оны көңіліміздің төріне оздыруға асығып отырған жоқпыз. Ұлттық банк бастаған бірнеше екінші деңгейлі банк алаяқтардан сақтану қажетін айтып жатыр.

Осы жылдың шілде айында Ресейдің Мемлекеттік Думасы банктенді ұрланған қаражатты клиенттің ерікті келісімінсіз аударған жағдайда 30 күн ішінде қайтаруға міндеттейтін заң қабылдады. Өзгерістер келесі жылы күшіне енеді. «Заң қабылданғаннан кейін банктің мен басқа да операторлар күдікті аударымдарды мұқият тексеріп қана қоймай, азаматтардың ақшасы алаяқтардың қолына түспеуі үшін шаралар қабылдауды талап етеді. Ал бұл

міндеттемелерді елемейтін банктен ұрланған ақшаны адамдарға қайтаруға мәжбүр болады», деді Мемлекеттік Думаның төрағасы Вячеслав Володин.

6 сәуірде Қазақстан банктені мен ұялы байланыс операторлары алаяқтықтың жаңа түрінің пайда болуына байланысты бірлескен мәлімдеме жасады. Beeline, Eurasian Bank, Forte Bank, Halyk Bank, Home Credit Bank, Jusan Bank, Kaspi Bank, Kcell, Nurbank, Tele2/Altel, Центр Кредит Банкі, Банк VTB (Қазақстан) бірлескен мәлімдемесінде көрсетілгендей, банк қызметкерлері телефон арқылы сөйлескенде ешқашан басқа шоттарға ақша аударуды ұсынбайтыны, құпия сөздер мен құпия кодтарды сұрамайтыны, қызметкерлерінің клиенттерге шетелдік нөмірлерден қоңырау шалмайтыны ашық айтылды.

Ал Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілкасымова да несие алуға алаяқтарға алданған қазақстандықтарға шығынды өтеу мәселесі пысықталып жатқанын хабарлады. «Бұл тұрғыда алаяқтық жолмен тұрғындарға несие ресімделуі мүмкін немесе адамдардың жеке қаражаты жымқырылуы ықтимал. Егер сот шешімі болмаса, онда қаржы институты жағынан мұндай өтемақы жүзеге асырылмайды. Екіншіден, егер ақпараттық қауіпсіздік немесе банктің ақпараттық жүйелері кемшілігі салдарынан салымшының ақшасы жымқырылса, яғни бұл салымшының кінәсі болмаса, онда біз заннамалық деңгейде банктің өтемақы төлеуі жөніндегі міндеттемесін қарастырғымыз келеді», деді М. Әбілкасымова.

Оның айтуынша, бұл процедураның механизмі мен алгоритмі әзірленіп жатыр. Онда алаяқтық операциялардың барлық типологиясы, ақпараттық қауіпсіздік пен смартфондарға арналған қосымшаларға қатысты талаптар ескерілмек.

«Егер бұл талаптар бұзылса, қаржы ұйымдары үшін тиісті жауапкершілік қарастырылады. Цифрлық технологиялар әртүрлі қаржылық операцияны, соның ішінде несие алуға жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бірақ банкке барудың қажеті жоқ ыңғайлы қызметтердің кемшілігі бар – алаяқтар шоттарға оңай қол жеткізуге жыл ашып отыр. Өткен жылдың өзінде осындай 11 мың қылмыс тіркелген. Оның жартысына жуығы – заңсыз несиелер.

Экономист Максат Халық мұндай құжатты әзірлеудің уақыты әлдеқашан келді деп есептейді. «Несиелер банк қызметкерлерінің көмегімен берілген жағдайлар көп. Олар алаяқтармен бірге жұмыс істеген», дейді ол.

Егер заң жобасы Парламенттен өтіп, заңдық күшіне енсе, Қылмыстық несиелер сот шешімімен кесіріледі. Сондықтан азаматтар әлі де несие ақшасын алмағанын дәлелдеуі керек.

Тәуелсіз сарапшылардың айтуынша, банктенге қойылатын талаптарды қайта қарау жоспарланып жатыр. Көп көңілінде жалған несие немесе салымшыға алдануы қалғанын дәлелдеу үшін көп уақыт керек. Бірақ дайындық та әзірге оң. Отандық банктен биометрика арқылы клиенттерді қашықтан сәйкестендіруді енгізіп, киберқылмыспен күресуге бағытталған жұмыстарды жетілдіріп жатыр.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпараттық саясат басқармасының басшысы Дмитрий Акмаевтың айтуынша, ел микроқаржы ұйымдарын екі факторлы сәйкестендіруді есепке алуы, ЭСҚ тексеруді немесе Ақпараттың дерекқорымен тексеруді міндеттеді. Демек мұның бәрін алдағы уақытта айналымға енгізу тиіс Занның құрамына қан жүгіретін қосымша фактор ретінде пайдалану керек.

АЛМАТЫ

I ҚҰЛАҒЫҢЫЗ ТҮРІК ЖҮРСІН!

Инвестицияның 5 артықшылығы

Көпшілік қазір инвестициялаудың не екенін біледі. Біразы қор нарығына қадам басып, тырнақалды қадамдарын жасап та жүр. Қор нарығы – құмар ойындар ордасы емес. Бұл жерде ақыл мен есепке жүгіну қажет. Сондықтан саланың кәсіби мамандары айтатын кеңестерге құлақ түрудің де артығы болмайды.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemmen Qazaqstan»

Jusan сарапшыларының айтуынша, инвестицияның бес артықшылығы бар. Әдепкісі

– мүмкіндіктің көптігі. Бағалы қағаздар нарығында активтер түрі көп. Олардың қатарына акция, облигация, ETF, ИПК және тағы басқалары кіреді. Бұл инвесторға өзіне қолайлы

инвестициялық өнімді таңдауға мүмкіндік береді. Бағалы қағаздарды таңдау мүмкіндігі көп болған сайын капиталды ықтимал шығындардан қорғауға және қауіп-қатер деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Екіншіден, капиталды тез көбейту мүмкіндігі бар. Инвестициялау капиталды көбейтіп, қосымша табыс алуға жол ашады. Егер сіз дұрыс қаржы құралдарын таңдасаныз, уақыт өте келе инвестицияларыңыз өсіп

отырады. Әдетте, қысқамерзімді инвестицияға қарағанда ұзақмерзімді инвестиция көбірек табыс әкеледі.

Үшіншіден, инвестициялық салымдар сізді инфляциядан қорғайды. Инфляция уақыт өте келе ақшаны құнсыздандырады. Инвестиция капиталыңызды инфляциядан қорғап, болашақта оның сатып алу қабілетін сақтауға көмектеседі. Сандық түбінде сақталған ақша мен акцияларға құйылған ақша

арасында жер мен көктей айырмашылық бар.

Төртіншіден, ақшадан тарықпайсыз. Яғни дұрыс инвестиция салсаңыз, зейнет жасына немесе дағдарыс кезінде қауіпсіздік жастықшасына ие бола аласыз. Бір күнде жұмысыңыздан айырылып қалсаңыз, инвестициядан түскен табыс сізге асықпай жұмыс іздеп, қай жерде бос жұмыс орны бар деп емес, жаныңызға жайлы жұмыс табуға мүмкіндік береді. Портфельіңіз

плосте болса, қарыз бен несиеге тәуелсіз өмір сүруге болады.

Бесінші артықшылық – білім жию. Бағалы қағаздарға инвестициялау арқылы адамның дүниетанымы кеңейіп, қаржы әлемі мен экономика қалай жұмыс істейтінін түсіне бастайды. Қазіргі уақытта инвестициялау өнерін тегін үйренуге болатын платформалар жеткілікті. Өрине, соның ішінде ресми ресурстар тартқан ақпараттармен танысу сізге көп артықшылық сыйлайды.

Жағдайың қалай, жас кәсіпкер?

Жақында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық бастамаларды қолдау орталығымен бірлесіп, үкіметтік емес ұйымдарға арналған «Zhas Project» мемлекеттік грантына конкурс жариялады. Ілкімді іс жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға бағытталған.

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Бүгінде ел тұрғындарының 59 пайызы – жастар санатындағы азаматтар. Оларды жұмыспен қамту және кәсіп ашуда қолдау – елдегі өзекті мәселелердің бірі. Өйткені Ұлттық статистика бюросының дерегін ескерсек, республика бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға жеткен. Сондықтан мемлекет жастарды жұмыспен қамтуда бірнеше жоба мен бағдарламаны іске қосып үлгерді. Соның бірі – «Zhas Project».

Наурызбай Сапаров пен Ақнұр Тайырова – тұтынушылар сұранысын қамтамасыз етіп жүрген жас қолөнершілер. Алғаш ерлі-зайыпты 2019 жылы «Zhas Project» жобасына қатысып, 1 миллион теңге қайтарымсыз грант ұтып алған. Бөлінген қаржыға жүн түтетін құрылғы, тігін машинасы мен мақта, мата сатып алып, кәсіп бастап кеткен.

«Жоба арқылы грант алғаннан кейін жолдасым көрпе тігумен, сәндік бұйымдар жасаумен айналысты. Жасаған бұйымдарын арнайы көрмеге апарып жүрдік. Өзге де жобаға қатысушылардың жасаған заттарының ішінен лазер құралы арқылы ағаштан жасалатын бұйымдар менің қызығушылығымды оятты. 2020 жылы қолда бар ақшамды салып, лазер құрылғысын сатып алып, ғимарат жалдап, кәсібімді бастадым. Бұрын-соңды қолөнермен айналысып көрген емеспін. Жұмыстың дені құрылғы арқылы жасалады дегенмен, сұлбасын жасап, жобасын сұрауды өзі көп күшті талап етеді екен. Компьютердің тілін жақсы білгендігімнен бе, YouTube-тан қарап барлығын тез меңгеріп кеттім. Жасаған заттарыма халық тарапынан сұраныс бар», дейді Н.Сапаров.

Негізі «Zhas Project» әлеуметтік жобалар мен бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы осал топтарды, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын жас

отандастарымызды қолдауды көздейді. Бұған қоса жоба қатысушыларды әлеуметтік кәсіпкерлік және кәсіби өсу бойынша жаңа білім мен дағдыларға үйретеді. Осылайша, 18-35 жас аралығындағы азаматтарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне тартып, нәтижелі жұмыспен қамтуға көмектеседі.

Бытыр игі іс Ақмола, Алматы, Жетісу, Қарағанды, Ұлытау, Маңғыстау және Түркістан облыстарында жүзеге асырылса, биыл еліміздің барлық аймағын қамтыды. Кәсіп бастауға ниеттілерге 280 шағын грант бөлінеді. Ауыл жастарының, NEET жастарының және әлеуметтік осал топтағы жастардың, оның ішінде мүгедектері бар жандардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға ерекше басымдық беріледі. Бағдарлама аясында білікті бизнес-тренерлерді, тәлімгерлерді, психологтерді және әлеуметтік жобаларды іске асыру, ілгерілету және дамыту жөніндегі мамандарды шақыра отырып, шағын гранттарды үлестіру кезеңінде жастарды заңдық және консультативтік тұрғыдан қолдауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету жоспарланған. Байқауға қатысу үшін өтінімдер 14 тамызға дейін қабылданады.

Бұдан бөлек, кәсіппен айналысуға ниет білдірген жастарға кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы бар. Жоба негізінде азаматтарға жылына 2,5 пайыз жеңілдікпен шағын кредит беру көзделген. Яғни кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін немесе кәсіпкерлікпен айналысатын 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастар үшін конкурс аясында микрокредит беріледі. Несие беруді «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жүзеге асырады. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылына 2,5 пайыздан аспайды. Қарыздың ең жоғары сомасы – кепілмен қамтамасыз етудің



Коллажды жасаған: Әуреш СМАХИТ, «ЕО»

міндетті шартымен 5 миллион теңгеге дейін болады. Несиеуле мерзімі кез келген кәсіп түрі үшін бес жылға дейін, ал мал шаруашылығына жеті жылға дейін беріледі. Бизнес-жобаларды іріктеуді комиссия жүргізеді.

«Микронесиенің бұл жаңа түрі жастар үшін өте қолжетімді және мұндай несиеіні Қазақстан қаржы нарығында баламасы жоқ. Сондықтан енгізіліп отырған қаржы құралы жастар кәсіпкерлігін дамытуға тың серпін береді деп сенеміз», деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев.

Жастардың кәсібін дамытатын мемлекеттік жобаның тағы бірі – «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты. Грант Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жастардың жаңа және қолданыстағы бастамалары үшін беріледі. Мақсат – белсенді шығармашылық

жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған бастамаларды қолдау. Грант дарынды жастарға жыл сайын беріліп отырады. «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген. Биыл 3 миллион теңге сомасында дарынды жастар өкіліне «ғылым», «мәдениет», «бизнес», «ақпараттық технологиялар», «медиа» бағыты бойынша өз жобалары мен жаңа идеялары іске асыру үшін 30 грант беру жоспарланып отыр. Конкурсқа 14 пен 35 жас аралығындағы отандастарымыз қатыса алады.

Сондай-ақ Ұлттық экономика министрлігінің жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсібін жаңа бастаған жас бизнес өкілдеріне 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы бар. Азаматтарға кәсіпкерлікті дамыту үшін 5 миллион теңгеге дейін гранттар беріледі. Алайда жаңа бизнес-идеяларды

іске асыру үшін бизнес-жобаның өзіндік міндетті шарттары қарастырылған. Олар: кәсіпкердің бизнес-жобаға жеке жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікте қоса алғанда, оны іске асыру үшін шығындарды берілген мемлекеттік грант сомасының кемінде 20 пайыз мөлшерінде қаржыландыру; жаңа жұмыс орындарын құру; кәсіпкердің бизнес-жобасында инфрақұрылымның болуы немесе жобаны іске асыру үшін жеткілікті инфрақұрылымды құруға көзделген инвестициялық жоспардың болуы маңызды.

Жалпы, жыл сайын еңбек нарығынан өзінің алғашқы жұмыс орнын іздеуші жастардың саны 3 мың адамнан асады екен. Ал жоғарыда біз келтірген түрлі жоба белсенді жастар үшін өз кәсібін тауып, әрі қарай оны тұрақты жұмыс орнына айналдыруда қиынға соқпауға тиіс.

Жақсылыққа ұмтылған жастар

Осы күні аға буын арасында жастарға көңілі толмайтындар көп. «Баяғыда біздің кезімізде...» деп басталған әңгіменің соңы кейінгі толқын өкілдерін тұқыртумен аяқталарын сезіп отырасыз. Бірақ бажайлап қарасаңыз, қазіргі жастардың да жарқын істің басында жүргенін көрер едік. Оған келтіретін мысалымыз да көп.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Қазір Қазалы ауданында 23 907 жас бар екен. Осылардың 95,5 пайызы ауылда тұрады. Жыл басынан бері аудандағы «Жастар ресурстық орталығы» КММ қатарластарының қатысуымен 180-нен астам іс-шара өткізілді. Орталық бастамасымен ұйымдастырылған «Жаңа дәуір – жаңа Қазақстан» фестивалі нәтижесінде ғылыми жобалар бағыты бойынша үздік деп танылғандарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқу гранты және 50, 25 пайыз жеңілдікпен оқитын сертификаттар табысталған. Басқа бағыттар бойынша үздіктерге қаржылай да сыйақы берілген. Жастардың үмітін оятқан бұл іс-шара алдағы уақытта да жалғасын табады.

Еріктілер ұйымдастыратын «Жастар керуені» атты жастар жобасы биыл жаңа форматта өтті. Салт-дәстүр сабақтарынан бастап, тарихи орындарды аралау, спорттық іс-шаралар, жас отбасылар, әкелер, аналар сайыстарына жалғасқан жоба аясында гала-концерт қойылады. Жоба кезінде аудандағы тиісті бөлімдер мамандары мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес береді. Отбасы құндылығын арттырып, бала тәрбиесі мен жас жұптардың шаңырағын бекем қылуды көздеген «Махаббат марафоны» жұптық жүгіру сайысы да осы ресурстық орталықтың игі бастамасы. Халықаралық отбасы күніне орай өткізілген сайысқа Қазалы қаласы және ауданға қарасты ауылдық округтерден 50-ге жуық отбасы қатысып, бақтарын сынады.

Орталық бастамасымен «Жастар жәрмеңкесі» ұйымдастырылып, алғашқы жұмыс орны бойынша – 7, жастар практикасы арқылы – 17, қоғамдық негізде 8 жас жұмыспен қамтылды.

«Біз бастаған тағы бір жоба – «Шет елдердегі Qazalylyqtar». Осы ауданда туып-өсіп, білім алып, қазіргі күні әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінде оқып



немесе жұмыс істеп жүрген жастармен мектептерде онлайн, офлайн форматта кездесулер өткізілді. «Мың рет естігеннен, бір рет көргеннің артық екенін» бәріміз білеміз. Шетелде алған білімдерін ел болашағы үшін жұмсайтын жастармен жүздесу талайлардың арманын ұштағаны анық», дейді аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Нұрбек Ақпанбетов.

Барлық ауданда бар осындай орталықтардың арасында сырдариялықтардың да тәжірибесі ерекше. Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығының Шіркейлі, Айдарлы, А.Тоқмағанбетов, Амангелді, Бесарық, Жетікөл ауылдық округтерінен жастар бригадалары қайта құрылып, олардың қатарына жұмыссыз, NEET санатындағы және пробация есебінде тұратындар қосылды. Биылғы егін науқанында осы бригадалардағы 200-ге тарта жас еңбек етеді. Орталық ықпалымен Амангелді, А.Тоқмағанбетов ауылдық округтері жастары Жаңақорған ауданындағы Жайылма ауылдық округіне тәжірибе алмасуға жіберілді. Бұрын қолы бос жастар биыл 60 гектар аумаққа бақша, картоп егіп жатыр.

«Бұл тәжірибені қолға алғандағы басты көздегеніміз – аудан жастары арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, – дейді аудандық Жастар ресурстық орталығының басшысы Нұрман Абдралилов. – Біз қатарластарымыздың еңбек етіп, табыс тапқанын қалаймыз. Осындай ниетпен құрылған «Шіркейлі» жастар

бригадасындағы 30 жас қазір құрылыс материалдарын шығарып жатыр. Өзге бригадалықтар аудандық, облыстық көрмелерге, жәрмеңкелерге өз өнімдерін апарып, сатуды жоспарлап отыр. Былтырғы қорытынды форумда «Айдарлы» жастар бригадасының бригадирі Зейнолла Жүсіпов аудан әкімінің арнайы жұлдісіне ие болып, 100 мың теңге сыйақы иеленді. Мемлекет басшысы «Еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс» деді. Еңбек ететін жастарды көтермелеу биыл да жоспарланып отыр. Лайықты жұмыс істеген жастар жыл соңында арнайы сыйлықтарға ие болады.

Қазір аудан жастарында бос уақыт жоқ. Түрлі бағыттағы жылжымалы жәрмеңкелер аясында оларға іс бастауға қажетті кеңес беріліп, бос жұмыс орындары ұсынылады. Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудан жастарына саламатты өмір салтын насихаттап, спортпен жүйелі түрде айналысуға шақыратын «Женімпаз бол!» денсаулық фестивалі өтті. Алда ұлттық спортты дамыту мақсатында жастар арасында көкпар ұйымдастырып, «Сырдария барысы» сайысын, «Әскери қызмет – абыройлы міндет» әскери-патриоттық форумын өткізу жоспарланып отыр.

Жақсылыққа ұмтылған жастар бастамашы болған игілікті істер аясы жыл сайын кенейіп келеді.

Қызылорда облысы

Еңбекпен есейген жігіт

Төрт қыздан соң қара шаңыраққа тұтқа болар ұлдың өмірге келуі Тұрсынбековтер отбасына ерекше сезім сыйлаған. Жылт еткен жақсы дүниенің бәрі де «азамат» деген атқа ие Айбарға арналды. Балалардың кенжесінен аяры жоқ ата-ананың аялы алақанында еркелеп өскен қарадомалақтың қорадағы малға деген сүйіспеншілігі айрықша еді.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Әкесінің ізінен ілесе барып, шамасы жететін бұзаудың басынан сипап, тай-құлынды айналыстырап жүруді әдетке айналдырған. Өсе келе қолына айыр-күрегіні алып, мал жайғауға білек түре кірісіп кетті. Сөйтіп, еңбек ерке баланы есейтті, буынын бекітіп, қанатын қатайтты. Қазір ата-ана үмітін ақтар жасқа жетіп, қара шаңырақтың шаруасын шалқытып келеді.

Малсақ жас мамандық таңдауда жаңылмай, өз қалауын жүзеге асырды. Арманы асқақ Айбар Әлім Алматы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ветеринар мамандығын тәмамдаған. Өзіне жүктелген азаматтық міндеттің салмағын сезінген ол осы күні туып-өскен Бақанас ауылында еңбек жолын бастап кеткен. Ауыл тұрғындарының малын аурудан сақтап, егу шараларын жүргізуде белсенділік, іскерлік танытып келеді.

Жастайынан малсақ болып өскен жігерлі жас бүгінде қорасында сүт бағытындағы асыл тұқымды

сныр ұстап, оны сауып, азығымен уақтылы қамтамасыз етуге әбден төселіп алғандығының куәсі болды.

«Ерінбей еңбек еткен адамның ырзық-несібісі мол болады. Бізге ата-анамыз соны үйретті. Қолымыздағы «Алатау», «Швед» снырларының әрбірінен күніне 15 литрден артық сүт сауып аламыз. Сныр сауу – мен үшін еш қиындығы жоқ жұмыс. Оны тартып, айран ұйытып, құрт жасаймыз. Ата-анамның арқасында дастарқанымыздан ақ үзілмей, құнарлы, табиғи өнім түрлері даярланады. Биыл «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы бойынша төменгі пайызда 6 млн теңге алып, оған 13 ие сатып алдық. Болашақта мал басын көбейтуді мақсат етіп жүрмін», дейді Айбар Сәкенұлы.

Туған ауылына туын тігіп, оның өркендеуіне өзіндік үлесін қосып жүрген Айбардың келіншегі Әсем Батырхан да «Қазақтелеком» бөлімшесінде оператор болып еңбекке араласқан. Осылайша, бірлігі мен тірлігі жарасқан жастар бақытты өмір өрнегін құрып келеді.

Алматы облысы





АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Апатты үйлер азаяр емес

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тұрғын үй реновациясы – уақыты біткен ғимараттарды барлық заманауи талаптармен салынған жаңаларына ауыстыру үдерісі. Реновация туралы шешім қабылдау кезінде ғимараттардың ауданы, тозу деңгейі, маңайда әлеуметтік нысандардың болуы ескеріледі. Үкіметтің жоспарына сәйкес, 2029 жылға дейін республикада 1 500 үй сүрілуге тиіс. Осылайша 40 мың меншік иесінің пәтер мәселесі шешілетін. Олардың басым бөлігі – сүрілуге жататын тізімге енген ескі үйлер. Өкілетті органдар әзірлеген Алматы қаласының 2023-2030 жылдарға арналған тұрғын үйді реновациялау бағдарламасының жаңартылған жобасы азаматтардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға септігін тигізеді. Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, негізгі жаңарту 1920 жылы және одан кейін салынған тұрғын үйі бар қаланың тарихи бөлігінде өтетіндіктен, бірінші кезекте қолдауды қажет ететіндерге назар аударылады. «Алматының тұрғын үй қорын жаңартудың 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасын дайындау бойынша бірнеше итерация жасалды. Біз ескі тұрғын үйді бұзып қана қоймай, қандай жайлы қалалық орта құратынымыз туралы мәселені тұжырымдамалық түрде өзгертеміз», дейді шаһар басшысы.

Сол секілді Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес көшіру және бұзу Астананың апатты үйлер орналасқан барлық ауданында жүзеге асырылады. Бұл негізінен Байқоңыр және Сарыарқа аудандарына қатысты. Биыл көктемде елорда тұрғындарымен кездесуде қала әкімі Жеңіс Қасымбек апатты және ескірген үйлердің тұрғындары үшін үш жыл



Қаладағы жасалған өзгеріс СМАГУИ, - ЕР

ішінде 2,5-3 мың пәтер салу жоспарланғанын мәлімдеді. Жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасын қабылдап, оны іске асырудың тетіктері мен өлшемдерін, оның ішінде өтеу тәртібі мен шарттарын белгіледі. Жөндеуге жататын тұрғын үй-жайлардың меншік иелеріне ауданы бойынша баламалы, бірақ кемінде бір бөлмелі жаңа пәтерлер беріледі. Жөндеуге жататын нысандардың тізбесін жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй қорының құрылыс конструкцияларының

тозуын, олардың пайдалану талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ үй-жайлар иелерінің пікірлерін ескере отырып айқындайды. Тұрғын үй қорын жаңарту жобаларын қаржыландыру жергілікті бюджет және өзге де көздерден – жеке инвестициялар, оның ішінде МЖӘ тетіктері, ЕДБ қарыздары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты, жобаны іске асыру барысында тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатудан түсетін кірістер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Жергілікті атқарушы органдар апатты немесе тозығы жеткен

тұрғын үйлер сүрілген жерде әлеуметтік несиелік тұрғын үй салуды қамтамасыз етеді. Тозығы жеткен тұрғын үйлерді сүру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Дегенмен ғимараттар мен нысандардың техникалық жағдайын бағалаудың белгілі бір стандарттары бар. Осы саладағы сарапшы-мамандар бізде техникалық жағдай 60 пайыз деңгейінде болса, үйлерді бұзып, қайта салу көзделетінін, ал дамыған елдерде мұндай тәсілге сақтықпен қарайтынын айтады. Мысалы, үйдің шатыры ауыстыруды

қажет еткенімен, қабырғалары мен тірек құрылымдары әлі берік болуы мүмкін. Ескі тұрғын үйді бұзу және жаңасын салу бағдарламалары шетелде 60-жылдары етек жайған. Ал кейінгі 20 жыл ішінде дамыған елдер тұрғын үйді жаңғырту, яғни ескі ғимараттарды қалпына келтіріп, оларды мүмкіндігінше сақтау үрдісіне бет бұрған. Бұл ретте мамандар қазіргі Еуропа ескі де тарихи ғимараттарымен ерекшеленетінін мысалға келтіреді. Бұл экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімдірек. Сондай-ақ бұл бағдарлама үшін кешенді негіздеме болуы керек. Мысалы, АҚШ-та үйді сүру қажеттігі, немесе қалдыру мүмкіндігі 12 критерийді қамтитын бекітілген көрсеткішпен анықталады. Ал Қытайда – тіпті 24 критерий. Ұлыбританияда шатырдың, еденнің, қабырғалардың қандай жағдайда екені 15 критериймен есептеледі. Яғни үйді бұзудың жан-жақты сарапталған, мұқият ойландырылған себебі, өлшемшарты болуы қажет. Сондықтан тұрғын үйді жаңарту тұжырымдамасын байыптап, бізде барлығын бұзу мен жаңасын салу экономикалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс екенін таразылаған жөн. Бюджет – шын мәнінде салық төлеушілердің қаржысы. Яғни барлық бастаманың ауыртылғылы халықтың мойнына түседі. Әрине, әр елдің өзіне тән ерекшеліктері, соған сәйкес тұрғын үй қорын жаңартудың өзіндік бағдарламалары мен әдістері бар. Біз де халықаралық тәжірибеге сүйенумен қатар, халықтың шынайы қажеттілігі мен мүддесінен туындайтын мәселелерді мұқият ой елегінен өткізуге тиіспіз. Бұл жерде ең маңыздысы – тозығы жеткен және лайықты өмір сүруге жарамсыз тұрғын үй проблемасы халықтың өмір сүру деңгейіне кері әсер ететінін ескеру.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Текелі жұрты қашан таза су ішеді?

Биыл та да бұл тақырыпты кеңінен тарқатып жазғанбыз, биыл тағы оралып отырмыз. Қаншама жылдан бері ауыз судан тарыққан жұрттың арызын ескермеген шенеуніктердің әрекеті бейқамдық секілді. Себебі өзеннен су ішіп отырған тау етегіндегі жұрт жаңбыр жауып, дауыл тұрса, лай ішуге мәжбүр. Осы түйткілге келгенде әкімдіктің ақылы жетпейді. Қыруар қаржы жұмсалғанымен, Текелі халқы жыл сайын кедергімен күресуге құмбыл.

Мұхтар КҮМІСБЕК, «Egemen Qazaqstan»

Өңір басшысы Бейбіт Исабаев облыс құрылғанда монокала тұрғындарымен кездесіп, осы ауыз су мәселесіне айрықша тоқталған. Сол жылында биыл мәселенің түбегейлі шешілетінін айтқан еді. Тіпті сала мамандарына арнайы тапсырма да берген.

«Өткен жылы 2 елді мекенді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жұмыстары аяқталды. Биыл 16 елді мекенде су жүйелерін салу және қайта жаңарту жұмыстарының аяқталуы жоспарланып отыр. Бұл тізімге де монокала кіреді», деген облыс басшысы. Содан кейін мәселені шеше алмаған Батыр Молдахметовті қызметінен алып, орнына бұрынғы Көксу ауданының әкімі Алмас Әділді отырғызған. Сонда жаңа әкімге әуелі таза су мәселесін тиянақтауды тапсырған. Міне, сондан бері бір жыл өтті. Біз кенді шаһардағы жұмыс жүйесі қалай жүріп жатыр, соны біліп қайттық.

Монокалада су желісі жоқ емес, бар. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар өзегінде әр тұрғынның ауыз суға қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Мәселе, үйге келген судың ішуге жарамсыздығында болып тұр ғой. Тұтас қалаға Қора өзенінен берілетін су көпшілік білетіндей тау мұздықтарынан не жерасты булақтарынан бастау алады. Әдетте көктемде өзен тасқындап, лайланып ағады. Су мол кезде. Жазғытұрым уақытта су тазартқыш құрылымның лайлы суды тазартуға шамасы келмей қалатын. Кеңес заманында салынған қондырғылар әбден ескірген еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу өңіріне сапарында мәселені түбегейлі шешуді, қала тұрғындарын сапалы һәм таза ауыз сумен қамтуға тапсырған еді. Содан бері Текеліде тынымсыз тіршілік басталды. Бастысы – Президент пәрменін жүйелі орындау. Жуырда монокаладағы аталған мәселені шешуге бағытталған қарымды

қарекетті көзбен көріп, жұмыс барысын бағамдап келген едік, соны баяндайық...

Жалпы, жергілікті әкімдік тұрғындарға таза ауыз суды қолжетімді ету мәселесін шешуге әуелден-ақ кіріскен еді. Мәселен, тіршілік нәрін өзеннен алғаннан гөрі асырасты-нан тарту жайын да қарастырған. Арнайы мамандар зерттеп-ерделеу жүргізгеннен кейін 2018 жылы тау бөктерінде 3 ұңғыма бұрғыланып, қалаға су желісін тарту керек болған. Осы мақсатта өткен жылы бюджеттен 993,6 млн теңге қаралды. Екі жылға жоспарланған жұмыс биыл қазан айында аяқталды деп күтілуде. Текелі қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғалымжан Қызылбаевтың айтуынша, қазір құрылыс жұмыстары 70 пайызға орындалған.

«Жаз айының қолайсыз ыстығына қарамастан мердігер «Қаз-ЕвроСтрой» серіктестігінің жұмысшылары тынымсыз тірлік етуде. Қала бойынша 4 бригада күніге 10 сағаттан жұмыс істеп жатыр. Межеленгендей, қала тұрғындары

қазан айында толық таза ауыз суды тұтынады. Бірақ тұрғындар ауыз суды үнемдеуді білмейді. Мәселен, қала бойынша қыста күніне 7 мың текше метр су тұтынса, жазда 12 мың текше метрден асып жығылады. Тұрғындар судың да сұрауы барын ескерсе, бау-бақша суаруды доғарса деген тілегіміз де жоқ емес», дейді Ғалымжан Төлегенұлы.

Бөлім басшысының сөзіне қарағанда, ауыз су 355 мм диаметрлік желі арқылы су сақтау қоймасынан қалаға беріледі. Ұзындығы – 9 шақырым. Ал үш ұңғымадан қоймаға дейін тағы 6,5 шақырым тартылған. «ҚазЕвроСтрой» серіктестігінің су желісін салып жатқан құрылыс бригадасының жұмысымен де таныстық. Қанат Сәрсекенов бастаған дәнекерлеушілер арнайы техникамен жер қазуда қиыншылық болып жатқанын алға тартты.

«Қарамағамдағы төрт жігітпен ауызсу желісін бір-біріне жалғаймыз. Қазір жер қазуда қиындықтар бар. Текелі қаласы тау бөктерінде орналасқан. Жер түгел тас. Соған қарамастан межелі уақытта жұмысты аяқтауға тырысып жатырмыз. Бізге жүктелгені желіні топырақ астына көміп кету ғана емес, оның ұзақ әрі ешқандай ақаусыз болуы маңызды. Сондықтан тасты топырақты қазып алып, содан соң желінің асты-үстіне 30-40 см жұмсақ топырақ салып, қайта көмеміз. Текелілік тұрғындар тынымсыз тірлігімізге қарап разылығын білдіруде», деді учаске бригадирі Қанат Сәрсекенов.

Таулы аймақта қыстың қатқыл келетінін ескерген құрылысшылар желіні 2 метр тереңдікке орналастырды. Бір қызығы, біз барған кезде жер қазатын трактор беймәлім кабельге тап болған. Интернет не электр желісі екенін анықтау үшін біршама уақыт жұмыс та кілдірді. Учаске бригадирі Қанат Сәрсекенов құзырлы мекемелерге байланысқа шығып, желінің ескі екенін анықтағаннан кейін ғана жұмысты одан әрі жалғастырды. Ауыз су желісін тартушылардың айтуынша, Кеңес заманында тартылған ескі сымтемірлер жерастында көп екен.

Мұнан соң қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғ.Қызылбаев бізді бастап, су сақтау қоймасына апарды. Қаладан 9 шақырым жердегі қойманың жұмысы 90 пайыз аяқталған. 1 500 текше метрге жуық бетон қолданылған екі қоймада 3 мың текше метрден су сақталады. Бөлім басшысының айтуынша, қазір нысанды тазарту жұмыстары жүргізілуде. Әуелі қоймаға су лық толтырылып, дәріленеді. Сосын су қайта ағзылады. Осындай тазарту әдісі 3-4 мәрте қайталануы керек. Ғ.Қызылбаев бірер күнде 4 су сорғы насосы орнатылатынын да айтып қалды.

«Қазір ұңғымадағы су зертханалық жөнелтілді. Қала тұрғындары таза ауыз судан тапшылық көрмейді. Қажет болған жағдайда Шажа өзенінен де су тартуды көздеп отырмыз. Барлық жұмыс жоспарға сай қазан айында аяқталып, тұрғындар таза ауыз суға қол жеткізеді. Сол үшін 4 бригаданы құрылған 25 адам, 7 техника тынымсыз жұмыс жүргізуде. Жоғарыда айтқанымыздай, қалада қауырт тіршілік. Ауыз су желісінен бөлек, газдандыру жұмыстары қатар жүруде», дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы.

Шажа мен Қора өзенін бауырға алған ағайынның бір өтініші – таза су. Дені сау ұлттың жаны да сау болмақ. Баласы үшін шырылдаған халықтың тілек-арызы – осы. Су сорғыларын ғана емес, жалпы желілерді толық жаңартпай, істің онбасы анық. Қазір мамандар сәл сабыр сақтауды сұрап отыр. Не де болса, істің соңын күтейік.

Жетісу облысы

БӘРЕКЕЛДІ!

Баспаналы ететін бағдарлама

Аймаққа облыстың құрылуымен бірге келген игі істердің бірі – жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған жеңілдікпен несие беретін «UlytauZhastary» бағдарламасы. Облыс әкімдігі мен «Отбасы банкi» акционерлік қоғамы бірлесіп қолға алған жобаның жемісін көріп жатқан жастар қазірдің өзінде жеткілікті.

Абдолла ДАСТАН, «Egemen Qazaqstan»

Өйткені биыл маусым айында бағдарлама аясында жеңілдікпен несие алу мүмкіндігін иеленген жастардың бір тобына сертификаттар салтанатты түрде тапсырылған еді. Сол салтанатта облыс әкімі Б.Әбдіғалиұлы жастар тарапынан аса зор қызығушылық байқалғанына байланысты бағдарламаның жалғасатынын және оған қатысушылардың аясының кеңейтіле түсетінін мәлімдеген еді.

Шынында да, бағдарламаның алғашқы кезеңінде 350-ден аса өтініш түскен екен. Түскен өтініштер талапқа сәйкес іріктелетіні айтпаса да түсінікті. Алғашқы несие иеленген жастардың арасында 55-і – білім, 13-і денсаулық саласының жас мамандары болып шықты. Облысқа ауадай қажетті мамандық иелерінің баспанаға қол жеткізуі тек олардың өздері үшін ғана қуаныш емес екені де түсінікті.

Шілде айынан бері облыста бағдарламаны жүзеге асыру үшін қосымша құжаттар қабылдау жүріп жатыр. Бұл жолы облыс әкімінің ұсынысы бойынша коммуналдық кәсіпорындар жұмыскерлері де, ауыл шаруашылығы мен мемлекеттік қызмет салаларының өкілдері де аталған бағдарламаға қатысу мүмкіндігіне ие болды. Тек барлығы талапқа сай болу керек. Ал талаптар қандай? Ең бастысы, жеңілдікті несие алуға ниет білдіргендердің жасы өтініш берген сәтінде 35-тен аспауы шарт. Ұлытау облысында кемі бір жыл тұрақты тұрған және кейінгі 5 жыл мерзім ішінде өзінің де, отбасы мүшелерінің де ел территориясында тұрғын үйінің болмауы сондай-ақ тиісті саладағы кемі бір жыл көлеміндегі зейнетақы төлемі үздіксіз төленіп тұрған тұрақты жұмыс атқаруы және т.б. талаптар.

Бұл бағдарлама «Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспарына» сәйкес 2022-2026 жылдар аралығын қамтиды. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен – 500 млн, банк тарапынан 250 млн теңге қарастырылған. «UlytauZhastary» бағдарламасының несиесі 5 пайыздық мөлшерлемемен 20 жыл мерзімге беріледі. Несие алушы алғашқы 10 пайыздық жарнасын төлеуі қажет.

Жаңаарқа ауданындағы Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Аян Бұлкенов – осы бағдарлама арқылы баспаналы болған жастардың бірі.

– Өте керекті бағдарлама, жастарды қолдаудың нақты көрінісі деп білемін. Қойылатын талаптары – жеңіл, жинақтайтын құжаттары да көп емес. Бағдарлама арқылы бау-бақша өсіруге аса қолайлы, ауласы кең 4 бөлмелі пәтерге ие болдым. Қуаныштымын, – дейді ол.

Жеңілдігі бар несие арқылы баспанаға қол жеткізіп, қуанышқа кенелетін жастар қатары молая түссін!

Ұлытау облысы





Биотехнологиялық білімнің болашағы

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауларында білім сапасын жақсартуға баса мән беріп келеді. Шынында да, еліміздегі маңызды сала – білім жүйесі. Бұл сала ұлт сапасын жақсартуда аса маңызды рөл атқарады. Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі.

Ұлттық және әлемдік экономикада жүріп жатқан интеграциялық үдерістер елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде білім беру сапасының орны орасан зор екенін көрсетеді. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындау үдерісінде біз сапалы қызмет ұсынуымыз қажет. Қазіргі әлемдегі қоғамдық-экономикалық және технологиялық өзгерістер күрделі міндеттерді алға тартып отыр. Олардың көпшілігі еліміздің жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне байланысты.

Химиялық инженерия және биотехнология жоғары мектебінің тарихы 1943 жылы Шымкент технологиялық құрылыс материалдары институты екі факультет болып бөлініп, технологиялық факультеттің «Силикаттар технологиясы» мамандығы және тау-кен факультетінің «Металл емес пайдалы қазбаларды өндіру және пайдалану» мамандықтары ашылған кезден басталған. Сол себепті бұл құрылым университеттің ең байырғы әрі ірі бөлімдерінің бірі саналады. 1947 жылы тау-кен факультеті жабылған соң институт директоры Саға Умбеталиннің тікелей қолдауымен технологиялық факультет дами бастаған. 1948-1957 жылдар аралығында 532 маман жоғары білімге ие болған. Ал 1957 жылы жаңа мамандықтар ашылып, әрі материалдық база нығайтып технологиялық және механикалық екі факультеттер құралған институт атуы Қазақ технологиялық институты болып өзгертілген. Институттың дамуына ректор Сұлтан Сүлейменовтің қосқан үлесі орасан зор. 1962 жылы химия-технологиялық факультетінің құрамында химия-технология бағытындағы бірнеше жаңа кафедра қосылған. 1964 жылы жоғары оқу орнының атауы Қазақ химия технологиялық институты болып ауысқан. 1996 жылы институт техникалық университет мәртебесін иеленген. Осыған байланысты университет Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті болып өзгертілді. 1998 жылы оқу ордасы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетімен біріктіріліп, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті деген жаңа атауға ие болды. 2021 жылы «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып өзгертілді. Қазіргі таңда Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дария Қожамжарованың басқаруымен аталған оқу орны Қазақстан бойынша рейтингтегі жоғары дәрежесінен төмендемей, алға жылжып келеді.

Химия-технологиялық факультетінің негізінде 2014 жылы Химиялық инженерия және биотехнология жоғары мектебі құрылған. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде студенттерді әртүрлі бағытта дайындайтын 12 факультет бар. Солардың бірі – алғаш ашылған, тарихы тереңде жатқан елге мәлім «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі. Оның деканы – техника ғылымдарының кандидаты, доцент Мұрат Айтөреев. Жоғары мектеп құрамында 5 кафедра жұмыс істейді: «Бейорганикалық заттар және мұнай-химия өндірістерінің технологиясы», «Силикаттар технологиясы және металлургия», «Биотехнология», «Экология», «Химия және фармацевтикалық инженерия». Химиялық инженерия және биотехнология жоғары мектебінде жалпы 120 профессор оқытушы, соның ішінде 17 ғылым докторы, 27 профессор, 57 ғылым кандидаты, 10 PhD және 37 ғылым магистрі, сонымен қатар 56 «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» жұмыс істейді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ірі әрі көп профилді оқу орны болғандықтан, еліміздің оңтүстік аймағының білім беру, ғылыми, мәдени-гуманитарлық орталығы ретінде қалыптасқан. Сонымен қатар қазіргі заманғы университеті және республиканың қарқынды дамуы үшін ауқымды үлес қосуға қабілетті, біліктілігі жоғары мамандар дайындауда негіз болуды мақсат етіп отыр.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік



“ 2019 ЖЫЛЫ 18 ҚАЗАНДА «БИОТЕХНОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫ ҮШІНШІ РЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТТІ. ДЕМЕК КАФЕДРАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ӘРІ АЛДЫҒЫ ҚАТАРДА ДЕГЕН СӨЗ. КАФЕДРАНЫҢ ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ БІЛІКТІЛІГІ ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ МАМАНДАРДАН ТҰРАДЫ. ОЛАР САБАҚ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІН МЕНҒЕРГЕН

Қазақстан университетінің «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің «Биотехнология» кафедрасы 2003 жылдың 10 қыркүйегінде құрылған. Жаңа мамандықтың дамуына, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базаларды жасауға үлес қосқандар қатарында техника ғылымдарының докторы, профессор Мәлік Сатаев, химия ғылымдарының докторы, профессор Қазым Надыров, химия ғылымдарының кандидаты, доцент Наталья Приходько, химия ғылымдарының докторы, доцент Анар Есімова, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Альмира Сапарбекова, техника ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Кеделбаев бар.

2019 жылы 18 қазанда «Биотехнология» кафедрасы үшінші рет халықаралық және мемлекеттік аккредитациядан өтті. Демек кафедраның жұмысы жоғары дәрежеде әрі алдығы қатарда деген сөз. Кафедраның оқытушылар құрамы біліктілігі жоғары білімді мамандардан тұрады. Олар сабақ беруде оқытудың жаңа инновациялық-дидактикалық әдістерін менгерген.

«Биотехнология» кафедрасының міндеттерінің бірі – білім деңгейі, біліктілігі үнемі өздігінен өзгеріп отыратын жағдайларда үздіксіз маман даярлау. Бұл істі кафедра менгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлжайна Алпамысова ойдағыдай ұйымдастырып келеді.

Биотехнология кафедрасында мамандарды дайындау білім берудің үш деңгейлі жүйесі бойынша жүргізіледі: бакалавриат (оқу мерзімі – 4 жыл); магистратура (кәсіби және ғылыми-педагогикалық бағыттар (оқу мерзімі – 1 және 2 жыл); PhD докторантура (оқу мерзімі – 3 жыл). «Биотехнология» кафедрасы жаңа уақыт, жаңа жоба барысында университеттің бір орында тұрмай алға жылжуына, дәрежесінің жоғары болуына үлес қосып келеді. Тәжірибе алмасу мақсатында «Биотехнология» кафедрасының оқытушылары біліктілігін арттыру үшін жыл сайын алыс-жақындағы алдыңғы қатарлы шетелдік жоғары оқу орындарында іс-тәжірибеден өтеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті шетелдердің жоғары мектептерімен байланыс жасау туралы екі жақты келісімшарттарды бекіткені белгілі. Қуаныштысы шетел университеттерімен жасалған келісімшарттардың саны да артып келеді. Бұл еліміздің жоғары оқу орындарында білім беру саласында халықаралық байланыстарды жүзеге асыру қарқынды дами түскендігінің белгісі. «Биотехнология» кафедрасы өндірістік мекемелермен және ғылыми ұйымдармен тығыз байланыста. Студенттер мен магистранттар, доктранттар ғылыми зерттеу жұмыстарына белсенді қатысады және алыс-жақын шетелдерде (Ресей,

Германия, АҚШ және тағы басқа елдерде) іс-тәжірибеден өтуге, сонымен қатар оқуын жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Биотехнология саласы – ғылыми-техникалық дамудың алдыңғы қатарлы бағыттарының бірі. Көптеген өндірістің болашақта қарқынды дамуына «жоғарғы технологиялар» нақты мысал бола алады. Қазіргі таңда биологиялық технология жақсы дамып келеді. Биотехнологияны қолдану аймағы шексіз десе де болады. Әлемнің дамыған елдері биотехнологияны қазіргі уақыттың қажеттілігіне сәйкес өнеркәсіптерді қайта құрудың негізі ретінде қарастырып отыр. Бұған өте маңызды сала деп қарайды.

Білім беру сапасын арттыру үшін оқу үдерісінде мемлекеттік мекемелердің, шетелдердің жетекші мамандары, профессорлары ұтқырлық бойынша арнайы дәріс беруге шақырылады. Тіпті, біздің оқытушы профессорлар да алыс-жақын шетелдерде дәріс беріп жүр.

Қазіргі таңда білімді және өндірісті интеграциялау қарқынды дамып келе жатқан биотехнология индустриясының бөлімбесі бір бөлігі саналады. Кафедрада бірқатар ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Мәселен, б.ғ.к., профессор Альмира Сапарбекованың жетекшілігімен «Жоғарғы биологиялық және тағамдық құнарлығы бар тағам өнімдерінің биотехнологиялық өндірісін жасау» тақырыбында, х.ғ.к., доцент Анар Есімованың жетекшілігімен «Оңтүстік Қазақстан облысы агроөнеркәсіп кешені үшін табиғи және техногенді шикізаттан биопрепараттар, биотыңайқыштар мен БАЗ биотехнологиялық өндірісін жасау» тақырыбында зерттеу жүргізіліп жатыр.

«Биотехнология» кафедрасында Ресей мен Қазақстанның жоғары оқу орындарында қалдықтарды тұрақты басқарудағы құзыреттілікті арттыру тақырыбы бойынша Ботагөз Муталиеваның жетекшілігімен жұмыс жүргізіліп жатқанын да айта кетейік. Серіктес университеттердің қатарында Тампере колданбалы ғылымдар университеті (Финляндия), Лиллебаелт академиясы (Дания), Вальядолид университеті (Испания), ИТМО университеті – Ұлттық ақпараттық технологиялар, механика және оптика зерттеу университеті (Санкт-Петербург, Ресей), Ресейдің тұңғыш президенті Б.Ельцин атындағы Орал федералды университеті, Түмен мемлекеттік университеті (Ресей), Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті бар. Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстан мен Ресейдегі физика ғылымдары мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоғары білім беру жетістіктерін менгеруді халықаралық тұрғыда жетілдіру және жаңалау. Бұл мақсатқа елдер бойынша

қатысты серіктес университеттердің жергілікті оқу орындарының құрамын құру арқылы келесі бағыттар бойынша (жобаның негізгі мақсатты тобы) қалдықтарды тұрақты басқару саласы және жаңа еуропалық педагогикалық тәсілдермен қол жеткізіледі. Одан басқа қалдықтарды тұрақты басқару бойынша онлайн-оқытудың сегіз модулі екінші мақсатты топтың, студенттер мен компаниялар, жергілікті билік органдарының қызметкерлері мүддесі үшін құрылады. Білім беру сапасын арттыру үшін оқу үдерісінде еліміздің мекемелерінің және алыс-жақын шетелдердің жетекші мамандары арнайы дәріс оқуға шақырылады.

«IUCLAND Еуропа мен Азия елдерінде жерлерді қорғау бойынша университеттердің халықаралық қарым-қатынасы» тақырыбы бойынша кафедра профессоры Бақытжан Кеделбаевтың жетекшілігімен жұмыс жүргізілді. IUCLAND – Еуропа мен Азия елдерінде жерлерді қорғау бойынша университеттердің халықаралық қатынасы Erasmus+ бағдарламасы арқылы қаржыландыратын (озық тәжірибелерді алмасу және инновация бойынша қарым-қатынас) білім беру жобасы болып саналады. Бұл бағдарламаның мақсаты – жерлердің деградациясына арналған оқу қызметін (оның ішінде жаздық мектептер мен семинарлар) жүзеге асыру аясында университеттердің-серіктестердің халықаралық қатынасы мен жұмыс істеуі. Шынығында, жоба Еуропа, Шығыс Азия мен Орталық Азия серіктестері арасындағы байланыс есебінен аймақтар арасындағы халықаралық қарым-қатынастарды қарастырады. IUCLAND жоғары оқу орындарының білім беру құрылымы арқылы озық тәжірибелерді және қарым-қатынас потенциалын арттыру жолымен топырақты дамыту мен топырақты қорғау бойынша стратегиясының тиімділігін жақсартуды жоспарлайды. Сонымен қатар жоба консорциумы келесідей мақсаттарды қарастырады: Еуропалық одақ және Азия елдерінде жерлер деградациясы бойынша халықаралық білім берудің нақты шамада сапасын жақсарту және санын арттыру; магистранттар мен аспиранттарға мониторинг және топырақты қорғау саласында сараптау жағдайларының дағдыларын қалыптастыру; табиғи ресурстарды рационалды қолдану саласында зерттеулер жүргізу үшін университеттер-серіктестер арасындағы өзара тиімді жерлерге орналастыру тереңдету. Жобаның мақсаты – Азия елдерінде, соның ішінде Қазақстанда топырақ ресурстарының деградациясы саласында білім беру және ғылыми зерттеулер сапасын, ақпараттық мүмкіндігін өзара жақсарту, сондай-ақ жоғары білім беру мен экономикалық қоғамдық орта арасындағы байланысты бекіту.

Еліміздің ауылшаруашылық әлеуетін тиімді пайдалану арқылы осы салада еңбек өнімділігін арттыруда ғылыми негізделген жерлерге орналастыру жобаларын жасау да маңызды мақсаттың бірі. Жоба аясында топырақтың сапасы мен мақсатына сәйкес жерге орналастыру, жердің топырағын жел және су эрозиясынан қорғау және құнарлылығын арттыруға негізделген өңдеудің технологиясын жасау, оны бәсекеге қабілетті болатындай кешенді жұмыстар жүргізу де маңызды.

Елімізде топырақты тиімді пайдалану

тек шаруашылықпен айналысатындарға ғана емес, болашақ ұрпақ үшін ел аумағында несібесін айырып, халқымыздың ортақ мүддесі, игілігі жолында еңбек етіп жатқан баршаға жүктеліп отырған үлкен міндет. Шаруалардың өзара ұжымдасуы ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашып отыр. Осындай пилоттық жоба жүзеге асырылып жатыр. Қаржыландыратын ғылыми зерттеу жұмыстары, соның ішінде шаруашылық келісімшарттары бойынша 3 жоба біздің кафедраға жүктелген. «Түркістан облысының шөлейт аймағындағы тозған ауыл жайылымдарын ұтымды пайдаланудың тиімді технологияларын әзірлеу» тақырыбындағы жобаны қаржыландыру көлемі – 49 млн теңге. Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Бақытжан Кеделбаев. «Жануарлар және өсімдік тектес егіншілік шикізатты өңдеудің кешенді технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы жобаны қаржыландыруға 250 млн теңге бағытталып отыр. Ғылыми жетекшісі – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Нұридин Әлібаев. «Жасыл нанотехнология және қоршаған ортаны зондтау саласында серіктестік бағдарламасын құру» тақырыбындағы халықаралық ғылыми жобаны қаржыландыру көлемі 2 310 331,45 теңгеге тең. Ғылыми жетекшісі – «Биотехнология» кафедрасының доценті, х.ғ.к., Ботагөз Муталиева. Жоба барысында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің, М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті және Нью-Джерси (Рутгерс, АҚШ) мемлекеттік университетінің профессоры Пол Тахистовтың грант ұтып алған бірлескен бағдарламасы бойынша жұмыс істеліп жатыр.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі ғалымдарының жаңалықтары мен ғылыми идеяларының іске асуын қолдау еліміздің дамуына қызмет етері даусыз. Студенттердің де жетістіктері баршылық. Мәселен, биотехнологиялық тәсілмен халық шаруашылығына тиімді зат алуда Гүлжайна Алпамысованың жетекшілігімен 4-курс студенттері Жанжігіт Шайділдә мен Нұржамал Абдуқаримова аймақтық байқаулардың жеңімпазы атанған. Г.Алпамысованың жетекшілігімен ХТ-20-5к1 тобының студенттері Мәншүк Саймова, Әмина Әріпбаева, Рахат Оразали республикалық пәндік олимпиададан үшінші орын иеленді.

Бакалавриат бағдарламасын бітірушілерді жұмыспен қамтамасыз ету білім беру нәтижесінің негізгі көрсеткіші екені анық. Бітірушілер азық-түлік, тағамдық, биотехнологиялық өнімдерді өндіру мекемелерінде, биотехнологиялық өндірістер мен үдерістер зертханаларында, ғылыми зерттеу мекемелерде жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында «Фудмастер», «Шымкентсүт», «Шымкентпиво», «Химфарм», «Петро Қазақстан», «Қаз-АгроИнновация», «Биотехнология» ұлттық орталығы секілді құрылымдар бар.

Анар ЕСІМОВА,
М.Әуезов университетінің биотехнология кафедрасының доценті, химия ғылымдарының кандидаты

ӨНЕРБАЯН

Қайран, Шәмші!..

Аяқталмай қалған фильм туралы

XX ғасырдың 60-жылдары Кентау тау-кен саласында «жылдам бұрғылау» (скоротная проходка) жөнінен әлемдік рекордтарды бірнеше мәрте жанартқан, экономикалық-әлеуметтік мәдени жағынан республикада атағы шыққан шағын қалада менің балалық, балдәурен шағым өтті. Көктемнің жайма-шуақ күндерінің бірінде №2 мектеп-интернаттыңдағы сынып жетекшіміз Хасенов деген ағай ән сабағында: «Ал, балақайлар, бүгін біз мына бір тамаша әнді үйренеміз», деді. Қолындағы бір жашырақ қағазда — ән мәтіні. «Әннің авторы — Шәмші Қалдаяқов» деді де, өзі шырқай жөнелді. «Ана туралы жыр» әнінің әуені мен тамаша сөзі бөрімізді бірден баурап алды. Шалғай ауылдардан келіп, мектеп-интернатта оқып жүрген кара домалақ балалардың алыста қалған аналары есіне түсіп, көздеріне жас алды. Сүйемелдеуші аккордеоншы бала бізден 4-5 сынып жоғары оқитын, кейіннен ел таныған талантты композитор Сейдолла Бәйтерекөв еді. Міне, менің Шәмші аға есімімен алғаш таныстығым осылай басталды...

Бірде радиобақылаудыңтан шырқалған «Бақыт күшайында» әні қалықтап барып басылды. Шәмші аға әңгімені әрі қарай жалғастырды. Шәмшінің өзін көрмек түгілі, дауысын өз құлағыммен алғаш есітуім. Ол кезде Алматыдағы «Қазақфильм» студиясында тырнақалды туындыларым «Халимат тағдыры», «Жоқшы», Мұстафа Өзтүрік туралы «барып қайт, балам, ауылға!» фильмдерін телеэкранға шығарған кезім. Кәйтсем де Шәмші ағаны тауып алып, киноға түсірсе деген ой анама дәл сол кезде келгені рас.

Мен Шәмші туралы 1991 жылы, композитордың көзі тірісінде «Қазақфильм» студиясында «Қайран, Шәмші», 2010 жылы композитордың 80 жылдығы қарсаңында «Қазақфильм» киностудиясында толықметражды «Шәмші», 2012 жылы «Шәмші Қалдаяқов» атты фильмдер түсірдім. Кейінгі түсірілген фильмдерде Шәмші туралы тың деректерді барынша қамтуға тырыстым.

Ш.Қалдаяқовқа 60 жылдығында Отырар ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Сол кездегі аудандық кеңестің төрағасы Мұхамедқасым Шәкіровтің қолдауымен ауданда 60 жылдығы тойланды. Бірақ ел орталығы — Алматы үнсіз қалды... 1990 жылы Шөкен өзінің қойын кітапшасына «Мен қоғамға да, адамдарға да тәуелді емеспін. Мен тек Құдайға ғана тәуелдімін!» деп жазба қалдырыпты. Бұл — Шәмшінің заманға күйлемегені, заманға иленбегені, Тәңірден өзгеге бас имеген асқақ рух иесі екенін ұқтырас керек.

«1991 жылдың 25-26 қаңтарында Шәмшінің мерейтойын Алматыда атап өту үшін кірмеген есімсіз де, тесігіміз де қалмады. Бәрі қарсы болды. Талай жерге үміттен кіріп, белгі сал болып шықтық... Ең соңында жальнып, жалбарынған бізге Мәдениет министрлігінен Қазфилармонияның шағын залында абыр-дабыр жасамай, тыныш өткізіндер деген нұсқау берілді. Салымыз сута кетіп, енді кайттық деп жүрген біз үшін мұның өзі той іспеттес еді», деген жазушы Оразбек Бодықовтың жазбасынан көп дүниені аңғаруға болады.

Бұл Шәмші Қалдаяқовтың көзі тірісінде Алматыда өткен ең алғашқы әрі ең соңғы концерті болды. Концертке сол кездегі қала әкімі Заманбек Нұрқалиповтен басқа бір де бір лауазымды тұлға бой көрсетпеді, елемеді, ескермеді. Қаңтар айындағы сол концерт алғаш рет киноға толық түсіріліп алынды.

Шәмшінің көргенде кіріпше жиырыла қалатын сол кездердегі кейбір лауазымды басшылар мына оқиғаны еріксіз есіме түсіреді.

1991 жылы Алматы қаласының сол кездегі әкімі Заманбек Нұрқалипов үлкен азаматтық танытып, қатты науқастың

ауруханада жатқан Шәмші Қалдаяқовтың Халық әртісі деген құрметті атақты алуына септігін тигізді. Бұл аяқ берілгеннен кейін Шәмші небәрі 2 ай 10 күн өмір сүріп, дүниеден өтті. Он бес жылдан кейін — 2007 жылы «Менің Қазақстаным» әні еліміздің Әнұранына айналды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. 2023 жылы Қазақстанның Еңбек Ері атағы берілді.


1991 жылы Шәмші аға туралы фильмнің алғашқы кадрларын түсірдім. Бала кезімнен Шәмші әнімен ержеткен мен үшін ағаның образын деректі фильм арқылы өзі сүйген, өзін сүйген халқына жеткізу мақсатым болды. «Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық» деп, Абай ағамыз айтқандай, бұл да болса ұлы композитор Шәмші Қалдаяқовтың жаралы жанына демеу болар деген үлкен үміт еді.

Фильм Шәмші ағаның адами қасиетін, болмысын толық камтитын болуы керек деп шештім. Керекті материалдар жинамақ болып, архивтерді ақтарып үшін кинофот мұрағатында болып, қанша іздедем де Шәмші ағаның бейнесін кинохроникалардан таба алмадым. Ұлттық кітапханадан 60-жылдардың басында шыққан әндерінің ноталарын ғана таптым. Басқа мардымды ақпараттар болмай шықты. Бұл мені тығырыққа тіреп, енді не істеу керек деген ой мазалай берді.

Киносценарий жазу үшін де көп зерттеу керек. Шөкен туралы бірден біледі-ау деген адамдардан сұрастырып едім: «Ее, Шәмші Алматыны тастағалы қашан. Оны Жамбыл, Шымкент жақтан ізде» деген кеңеске жолықтым. Солай киналып жүргенімде, Құдай беріп, «Лениншіл жас», «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінде жазушы-драматург Оразбек Бодықовтың «Шәмші Қалдаяқов туралы жыр» деген повесінен үзінділер жарияланды, өзіме керекті біраз мағлұматтарды сол газеттерден алдым.

1991 жылы қаңтар айында Шәмші ағамыздың 60 жылдығы Алматыдағы концерт залында өтті дедік қой, екі күн қатарынан болған концертке халық көп келді. Сол жолы Шәмші ағамен кездесудің реті келе қоймады. Айналасында қаумалаған қарапайым халық композиторды алақанына салып, қошемет көрсетіп жүр екен. Бұл жерде әңгімелесудің реті келмесе, кейін жеке сөйлесерміз деп шештім. Алайда мұнымның қате екенін кеш түсіндім, себебі тағы да Шәмші ағамызды таба алмай қалдым. Ол кісімен жүздескенімше тамылжыған тамыз айы да келіп жетті. Шөкен Шымкент қаласынан менің үйіме телефон шалып, алдағы аптада Алматыға келетінін ескертті. Сұхбаттасып көрмеген адаммымен іштей кездесуге дайындалып жүрдім.

...Шәмші аға айтқан уақытында келіп, телефон шалып, Құрманғазы оркестрінің ғимаратында болатынын айтты. Салып-ұрып



Қалдаяқов жасаған «Қубань» фильмінің режиссері Төлеген АХМЕТ

сонда бардым. Анадай жерде басында қазақи оюланған тақиясы бар Шәмші ағамыз өнші Зейнеп Қойшыбаевамен әңгімелесіп тұр. Жүрексінгенімді білдірмей жақын келдім. Міне, сөті түсіп көптен сөйлесе алмай жүрген Шәмші ағаның жанында тұрмын. Орта бойлы, қарапайым киінген. Шырайлы жүзінде ақ қырау шалған мұрты өзіне жарасып тұр.

— Ассалаумағалейкүм, аға, сізді киноға түсірем деп, әбден мазаңызды алып, артыңыздан қалмай жүрген Тілеген Ахмет деген ініңізбен, — дедім. Қуанышымда шек жоқ. Сол жерде болашақ фильмнің жоспарын ақылаушы үлгердік. Шөкен: «Бір айдың шамасында Шымкент жаққа барып келермін, содан кейін жұмысты бастайық», деді. Біз осылай келістік.

Композитор қиыр Шығыста төрт жылдай әскери қызметте командир болған екен... Кім біледі, Сахалинде жүрген кезінде алыстағы Отырар есіне түсіп, сарғайған сағынышынан небір әуендер туған шығар...

Фильм Шөкеннің әскери қызметте болған жері — Сахалин аралынан басталуы керек деп тошпылады. Бұл бір жағынан, 60-қа келген ағамызды 25 жасында жүріп өткен жерлерін аралатып көніл сергітіп қайту еді.

2010 жылы композитор Қалдыбек Құрманәлінің идеясымен «Қазақфильм» киностудиясының президенті Ермек Аманшаевтың қолдауымен толықметражды «Шәмші» атты кино менің режиссура-режиссуралықыммен жарыққа шықты. Қалдыбек шарқ ұрып іздеп жүріп Ақтөбе қаласынан Шөкеннің Сахалинде әскери қызметте бірге болған досын тапты. Ол өз сұхбатында ағаның жазушы: «Шәмші маңдайында тамаша әндер орындайтын. Аспапты Қиыр Шығысқа өзімен бірге алып барды. Сонымен қатар офицерлер клубында вальс билегенде айдың көлде қалықтап жүрген аққу іспетті сыңарын шыр айналырды біздерді тамсандырып жіберетін» деп еске алған-тын.

Сонымен Сахалинге ұшу үшін бір ай бұрын билет алу керек екен. Әйтеуір билет қолымызға түсті. Бағыт — Алматы-Хабаровск... Біз, түсіру тобы Шәмші ағаның келуін тағатысыздана күтіп, дайын отырдық.

Шөкеннің «келемін» деген уақыты да болды. Бірақ ол кісі келмеді. «Апыр-ай, не болып қалды екен?» деген ой мазалай берді, уәдесіне берік жан екенін, жүріс-тұрысында жинақылық, ұстамдылық бар екенін алғашқы кездесулерден-ақ аңғарғанмын. Деру Шымкенттегі туысына хабарластым. Мән-жайға қанықсақ, Шөкен аяқастынан науқастың қалыпты, қазір Арыс шпайжабында емделіп жатыр екен. Не істерімізді білмей жүргенде сол жақтан ақын досы Сабархан Асанов ағамыздың келе қалмасы бар ма... «Шәмші ағаның хәлі өте нашар, киналып жатыр, кеше

Шәуілдір қолхозындағы қарындасының үйіне әкелді», деді ақын. Сол күнгі «Алматы-Шымкент» жүрдек пойызымен оператор Аман Ысмайылов екеуіміз асыға жолға шықтық. Мақсатым — қайткен күнде де ауылға барып, ағаның хәлін білу, ыңғайы келсе киноға түсіріп алу еді. Түні бойы ұйықтай алсамшы. Ойлар сан-саққа жүгіреді, оған пойыздың дөңгелектерінің тарсылы қосылғандай... Таң ата көзім ілініп кеткен екен, оянасаң пойыз тоқтап тұр. Шымкентке келіпсіз, такси жалдап, 150 шақырым жердегі шағын ауылға жеткенімізше, түс ауып қалған еді. Тып-тыныш ауыл көшесімен жүріп келеміз. Өркімінен сұрастыра келе, үйді де таптық. Асай-мүсейірімізді көтере-мөтере аулаға кіріп келсек, қайран Шәмші аға есік алдында екі інінінен әрн демалып, ауладағы ағаш көленкесінде отыр екен. Көрмегеніме бір айдың жүзі болып қалған еді, қатты жүлеп кеткенім бірден байқалды. Сау етіп тосып келуіміз Шәмші аға үшін күтпеген жағдай болды. Үш күн орнынан тұра алмай, қатты киналып жатқан Шөкен бз келердің алдында ғана басын көтеріп, есін жиып отырғаны сол екен. Әйтсе де, сыр білдірмей, біраз өңгіме айтты, бізге «Қайықта», «Бәрінен де сен сұлу», «Менің Қазақстаным» әндерінің шығу тарихын баяндап берді. Айтқандарының бәрін кинотаспаға түсіріп алдық, кинокадрлар түгелімен телефильмге енгізілді. Басында көгілдір елтірі терісінен тігілген бас киімі, көзінде мұң, науқастан, әлдебіреулердің қиястығынан қажыған Шөкеннің қолында темекі... Аңыз тұлғаның бұл бейнесі көрермендердің есінде шығар деп ойлаймын.

Шөкеннің аяқастынан науқастың қалуына байланысты, толыққанды фильм түсіруге жағдай келмеді. Композиторды ауылда жатқан жерінен Алматыға алдырып, «Совминнің» ауруханасына жатқызып ақық ақын Мұхтар Шаханов ағамыз болатын. Әйтпегенде, тек коммунист шенеуніктер емделетін ауруханаға партияға да мүше емес, өмірінде компартияға жағымпазданып бір ән жазбаған Шәмші Қалдаяқовты кім жолату қояр дейсіз...

Фильмді монтаждау үстіндемін. Ол кезде қазіргідей видео жоқ, киноплёнкаға түсіреміз, оның да өз қиыншылықтары жетерлік, көп уақытты алады. Күнде жұмыстан соң Шөкенге бір соқпай кетпеймін, жаңа газеттер апарып, фильмді монтаждау барысынан хабардар етіп тұрамын.

1991 жылдың 30 желтоқсанында композиторды ауруханадан үйіне алып кетуге келдік. Отбасына барып жуынып-шайынып, демалуды қалады. Соңғы екі айда қатты әлсіреп қалыпты. Тіпті әлсіздіктен өз аяғымен жүре де алмай қалған екен. Түсіру

тобының салдырлап қалған ескі «Қубань» автобусына дейін қолясқаға отырғызып жүргізіп келем... Шәмші ағада үн жоқ. Ауыр ой үстінде. Лифтпен үшінші қабаттан түсіп келе жатқанда: «Міне, осындай күйге түстік, қарағым», деп ауыр күрсінді.

Шөкенді үйіне алып келіп отбасының ортасында киноға түсіріп алудың сәті түсті. Ұлдары — Әбілқасымды роляда, Мұхтарды скрипкада ойнатып отырып, түсіріп алдық. Екеуі де музыкант, консерватория бітірген.

Жаңа қалдың алдында композиторлар Шәмші Қалдаяқов пен Әсет Бейсейітовке «Қазақстанның халық әртісі» деген атақ берілді. Мұны Шәмші ағаға айтқанымыз:

— Рахмет, елеп-ескергендеріңе... — деп селқос қана айтты да төсегіне жантайып ұзақ уақыт үн-түңсіз жатып қалды. Сонымен сағындырған Сахалин де, басқа да түсіруге жоспарланған эпизодтар сол арман күйінде қала берді... Бір кездері Дінмұхамед Қонаевтың Шәмші ағаға сыйға берген үш бөлмелі пәтерінде, Шәмші туралы фильмнің соңғы кадрлары түсірілді.

Композитордың науқасына байланысты «айтылуы керек еді-ау» деген көп дүниені іске асыра алмадым. Тек ірі көлемде, үлкен ой үстінде тұрғанын түсіргеніме шүкіршілік еттім. Сөзімтал жүректі көрермен бұл кадрларға қарап отырып кесек тұлғаның бет-жүзінен, көз жанарынан өзі өмір сүрген уақыт табын сезер деп ойлаймын.

1992 жылдың ақпан айында кезекті кино түсіру қамымен бір аптаға жол сапарға шықтым. Іссапардан Алматыға келе жатқан жолда, пойыз ішіндегі радиодан Шәмші Қалдаяқовтың қайтыс болғанын хабарлады. Түсе сала Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрына тарттым. Халық көп жиналған екен, келгендер толық толассыз. Көз алдыман өзім көрген Шәмші ағаның бейнесі үзік-үзік болып өтіп жатты. Мен қиялымдағы аулы ағамен үнсіз ғана қоштастым.

Астана. Зәулім сарайда композитор Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына және құрметіне арналған үлкен концерт өтіп жатыр. Концерт залына орнатылған көгілдір экранда өзін түсіріп алған ағамыздың бейнесі көрсетілді. Басында көк елтірі, қарапайым костюм, ойлана тартқан түгінді темекісі, өзінің қоңыр дауысымен жүрегін жарып шыққан әндерінің тарихы туралы айтқан әңгімесі...

«Вальс королі», «Ән падишасы» атанған Шәмші Қалдаяқов туган халқынан өз бағасын алды. Композитордың жан тербейтін сазды әндері қазақтың кең байтақ жерінде шырқала береді.

Төлеген АХМЕТ,
режиссер

БАЙҚАУ

Шотландиядағы қылқобыз үні

Еліміздің EGERU заманауи музыка ансамблі әлемдегі ең ірі өнер фестивалі — Edinburgh Festival Fringe-де өнер көрсетуге шақырылды.

Жолдыбай БАЗАР,
«Egemen Qazaqstan»

Шотландия астанасындағы фестиваль қалыптасқан дәстүр бойынша тамыз айында үш апта бойы өткізіледі. Оны жыл сайын екі миллионға жуық көрермен тамашалайды. Бұл ауқымды іс-шараға әлемдегі ең үздік орындаушылардың театрландырылған, музыкалық, би қойылымдары кіреді. Осы жолы аталған фестиваль көрермендерінің назарына Қазақстан өнері алғаш рет ұсынылатын болады. EGERU ансамблінің фестивалге сапары «Дара» қайырымдылық қоры қолдауымен ұйымдастырылды.

EGERU концерті 27 тамызда Queen's Hall сахнасында өтеді. Ансамбль Қазақстан композиторларының шығармаларын, сондай-ақ шетелдік авторлардың бірнеше композицияларын орындайды. Атап айтқанда, Эдинбургте алғаш рет Қуат Шілдебасевтың «Қаракерем» және Артық

Тоқсанбаевтың My Respect to You, Mr. Tattimbet туындылары орындалады. Концертің ерекше нөмірі — шотланд композиторы Клэр Джонстонның EGERU ансамблі үшін арнайы жазған Call of The Mountains композициясы болады. Композитор шығармасында тек классикалық акустикалық және цифрлық аспаптарды ғана емес, сондай-ақ қазақ қылқобызын да қосқан.

Сонымен қатар сапар аясында EGERU-дің ерекше қажеттіліктері бар музыканттар мен композиторлардың мүмкіндігін кеңейтумен айналысатын Шотландияның жетекші инклюзивті өнер ұйымы Drake Music Scotland қабырғасында өнер көрсетугі жоспарланған. Қазақстандық әртістер шотланд әртістеріне шеберлік сабағын өткізіп, оларды қылқобыз ұлттық аспабымен, оның мүмкіндіктерімен таныстырады.

«Біз осындай ауқымды фестивальге қазақтың заманауи музыкасын паш етуге барғалы



жатырмыз. Сондай-ақ инклюзивті музыкалық білім беруде шетелдік әртістерімізден тәжірибе алмасамыз. Қазақстанда инклюзия мәселелерімен жүйелі түрде әксперименттерге ашық және өзінің тың жобаларымен белгілі «Дара» қоры айналысады. Қордың игілікті жоспарларының ішінде бір бағыт музыкамен, музыкалық біліммен байланысты. Қазіргі әлемдегі инклюзивті оқыту жаңа технологиялармен тікелей қатысты және шотланд музыканттары бұл бағытты көптеген жыл бойы дамытып

келеді. Біз шотланд музыканттары мен музыка әуесқойларының қазақ музыкасына деген құштарлығын оятамыз деген үміттеміз», дейді EGERU ансамблінің директоры Раушан Жұманязова. «Мүлдем басқа музыкалық стильде эксперимент жасауға және оған өз шығармашылық потенциалын қосуға дайын осындай ынталы музыканттармен жұмыс істеу екі тарап үшін де қызықты және күндіз тәжірибе болды. Оған қоса, үдерісте тек классикалық аспаптар мен тембрлер ғана емес, сонымен қатар

жүздеген жылдарға созылған тарихы бар дәстүрлі аспаптарды да қолдандық. EGERU-мен бірге біз қазақ халық аспаптарының дыбысын британдық аудиторияға, әсіресе дәстүрлі музыкаға деген үлкен құштарлығы бар Шотландияға жеткізетінімізге қуаныштымын», дейді шотланд композиторы Клэр Джонстон.


EGERU заманауи музыка ансамблі 2015 жылы С. Бәйтерекөвтің бастамасымен құрылған. EGERU әртүрлі елдің жетекші композиторларымен бірлесе жұмыс істейді. Ұжымның ірі халықаралық жобаларының қатарында Nauyuz XXI (2016, 2018) және EGERU Connect. Made in Germany (2019) заманауи музыка фестивалдері, Beethoven. Mute музыкалық-театрлық қойылымы (2020), «Музыка Осуществления 41» жобасы (2022) бар. Ансамбль халықаралық ұйымдармен (Қазақстан Гете институты, Британ Кеңесі, Целинный) сәтті жұмыс жүргізіп келеді. Ал Drake Music Scotland — мүмкіндігі шектеулі жандарға музыка жазуға мүмкіндік беретін Шотландияның жетекші өнер ұйымы. Оның инклюзивті

музыкалық технологиялар және оқытудың арнайы әдістері саласындағы тәжірибесі барлық жастағы шектеулі мүмкіндіктері бар адамдарға өз бетінше ойнауға, үйренуге және музыка жазуға көмектеседі. Drake Music-тің көрнекті жобаларына мыналар жатады: Digital Orchestra — Шотландиядағы алғашқы мүмкіндігі шектеулі жастар оркестрі, арнайы және жалпы білім беретін мектептерге арналған басты білім беру бағдарламасы; Figurenotes ноталарды оқыту жүйесін енгізді.

«Дара» қайырымдылық қоры жетім балалар мен білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балалардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға, әлеуметтендіруге және даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асырады. Қордың жобалары балаларды оқыту, шығармашылық дағдыларын дамыту, оңалту және мамандық алу үшін қолдау көрсету сияқты маңызды салаларға бағытталған. 15 жыл ішінде Қор 40 мыңнан астам балаға көмектесіп, 140-тан астам мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды қолдады, 30-дан астам жобаны жүзеге асырды.



Ақтөбедегі IT Hub



Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бастамасымен Astana Hub және жергілікті актарушы органдардың қолдауымен жыл басынан бері Қазақстанның 9 өңірінде IT Hub ашылды. Олардың қатарында Aqtobe IT Hub та бар.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemem Qazaqstan»

Жуырда Ақтөбе облысына іссапармен барған Премьер-министр Әлихан Смайыловқа өңірдегі ақпараттық технологиялар мен инновацияларды дамытуда маңызды рөл атқаратын өңірлік Aqtobe IT Hub таныстырылды. Үкімет басшысы айтқандай, әрбір қалада қалалық және ауыл жастарының

цифрлық технологияларда білім алуға және қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін IT-индустрияны дамыту орталығы болуы керек. Өйткені бұлар болашақта экономикамызды цифрландырудың негізі болуға тиіс. Цифрлық технологияларсыз одан әрі даму мүмкін емес.

Премьер-министр цифрлық технологиялар саласын дамыту үшін ел астанасында салықтық жеңілдіктерді қарастыратын

және әкімшілік рәсімдердің барлығын жеңілдететін халықаралық IT-хаб құрылғанын атап өтті. «Қазір нәтижесін көріп отырмыз. Бытырғы жылдың қорытындысы бойынша IT өнімдері мен қызметтері есебінен экспорт 300 млн доллардан аса соманы құрады. Биыл бұл сома 500 млн долларды құрап отыр. Екі-үш жылдың ішінде 1 млрд долларға жетеді деп күтілуде. Сондықтан бұл тәжірибені тарту маңызды», деді ол.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Бағдат Мусиннің айтуынша, өңірлердің жұмыс тәжірибесі қазірден оң нәтиже көрсетіп отыр. Мәселен,

хабтарда идеялары мен стартаптары бар жас және талантты кәсіпкерлер ерте кезеңде тәрбиеленеді. Олар оқудан кейін Astana Hub-тың өзінде одан әрі өсуге, масштабтауға және акселерациядан өтуге, сондай-ақ шетелдегі әріптестік бизнес-бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік алады.

Өңірлік хабтар инновациялық жобаларды дамытумен, IT-саласы кадрларын даярлаумен және оқытумен айналысады. Сондай-ақ қызығушылық білдірген жандар бас қосатын стартаптардың, инвесторлардың, менторлардың жергілікті IT-қауымдастығын құрайды. Инкубациялық кезеңде стартап-жобаларды әзірлеу кезінде кәсіпкерлікке оқыту, инвестициялар тартуға көмектесу, қаржылық есеп жүргізу және PR-қолдау жүзеге асырылады.

– Өңірлік IT-хабтарды дамыту – Astana Hub-тың басты міндеттерінің бірі. Біз биыл ел бойынша 14 өңірлік IT-хаб ашуды мақсат етіп отырмыз. Бүгінгі таңда Aqtobe IT Hub-тан бөлек 8 өңірлік хаб табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында Abai IT Valley, Kyzylorda Hub, Digital Jetisu, Zhambyl Hub, Oskemen IT Hub, Jaiq Hub, Turkistan IT Hub және Qostanaï IT Hub бар, – дейді Astana Hub-тың басқарушы директоры Алина Әбдірахманова.

Байланыс сапасы жақсартады

4G байланыс буыны қазір ел азаматтарының 85 пайызы үшін қолжетімді болып тұр. Ол дәстүрлі байланыстан өзге цифрлық банкингтің лайықты деңгейде жұмыс істеуі үшін және мемлекеттік цифрлық қызметтерді пайдалану үшін қолжетімді. Ал байланыстың бесінші буыны – 5G желісін азаматтардың 15 пайызы тұтынып отыр.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemem Qazaqstan»

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Қазақтелеком» АҚ және ұялы байланыс операторларының өкілдері елімізде ұялы байланыстың қолжетімділігі мен сапасына қатысты мәселелерді талқылау барысында осындай деректерді келтірді. Қазіргі уақытта байланыс операторларының жұмысы қосымша құрылғылар орнатуға және қазіргі жабдықтарды жаңғыртуға, сондай-ақ өңірлерде ұялы байланысты дамытуға бағытталған.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбектің айтуынша, Астанада қосымша құрылғылар орнатуға қажет ететін 600-ден аса орын бар. Оның 39-ы бойынша мәселе шешілді. Тиісті жұмыстар өңірлерде де жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа, салалық ведомство әкімдіктермен, ұялы операторлармен бірлесіп жол картасына қол қояды. Алдағы бес жылда 5G желісі бойынша 3 мыңнан аса базалық станса құрылуға тиіс. Бұл – 5G бойынша өткізілген аукциондардың нәтижесі.

– Биыл біз республиканың үш қаласында 5G желісін құрамыз. Қазіргі кезде 200-ден аса базалық станса Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан және тағы басқа қалаларда құрылған, – деді «Кселл» АҚ басқарма төрағасы Асхат Әзбеков.

«Beeline Қазақстанның» бас атқарушы директоры Евгений Настрин 250 және одан артық халқы бар елді мекендердің барлығында келесі жылдың соңына дейін үш ұялы байланыс операторы болатынын және клиенттер өз таңдауын жасайтын жеткізді. «Біз 6 облыспен 250-ден аз адам тұратын елді мекендерге мобильді интернетті қалай тартуға болатынын туралы жол картасына қол қойдық. Бұл қиын, әрине. Дегенмен мемлекеттік бағдарламалар бізді жақсы ынталандырып отыр», деді ол.

Сонымен қатар ол былтыр компания тұрғындардың келіспеушілігіне байланысты үйлер мен ғимараттардың шатырларынан 300 базалық стансаны бөлшектеуге мәжбүр болғанын да айтты.

«Мобайл Телеком-Сервис (Tele2/Altel)» компаниясы былтыр аукционда жеңіске жетіп, 5G технологиясын орнатуға мүмкіндік алды. Бірінші кезекте бұл өсіп келе жатқан трафикті тиімді өңдеуге жол ашпақ. «Адамдарда трафиктің сапасына қатысты проблемалар болмас үшін жаңа технологияларды енгізу қажет. Бұл тұрғыда ең әлеуеттісі – 5G. Бүгінгі таңда 5G желілерін пайдаланатын клиенттер саны шамамен 15 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш ай сайын өседі», дейді «Мобайл Телеком-Сервис (Tele2/Altel)» бас директоры Сергей Кожыков.

Өз кезегінде «Кселл» АҚ басқарма төрағасы Асхат Әзбеков мемлекет тарапынан рұқсат беру рәсімдерін жеңілдету, ал қоғам тарапынан мобильді байланысты бірінші қажеттілік құралы ретінде түсініп, қабылдау бойынша қолдаудың болғаны маңызды екенін атап өтті.

Дәстүрлі оқулықты электронды құрал алмастырады

Биылғы оқу жылында мектептерді толықтай электронды оқулықпен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Қазіргі кезде оқулықтардың 80 пайызға жуығы цифрлық форматқа ауыстырылып, мемлекеттік сараптамадан өткен. Еліміздегі электронды оқулықтарды әзірлеу ісімен 11 баспа айналысып жатыр.

Әльвира СЕРІКҚЫЗЫ,
«Egemem Qazaqstan»

Оқу үдерісін басқаруды цифрландыру мақсатында республика бойынша 7 мың мектепте электронды журналдар мен күнделіктерді жүргізу, үй тапсырмаларын беру, бағалау, жоспар жасау және қашықтан оқыту үшін негізгі сервистерді қамтитын білім беру платформалары (Kundelik, Bilimal, EDUS) енгізілді. Мұнымен қоса мобильді қосымшалар, аналитикалық бақылау тақталары, ас мәзірі және онлайн біліктілікті арттыру курстары сияқты қосымша қызметтер бар.

Электронды оқулықтарды енгізуде балалардың мектеп пәндерін оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін виртуалды зертханалар мен геймификация элементтері цифрлық мазмұнмен үйлестіріліп отыр. Цифрлық оқулықтармен қатар мектептерде мультимедиялық мазмұны бар қосымша оқу материалы ретінде цифрлық білім беру ресурстары белсенді қолданылатын болады. Бүгінде 50 мыңнан астам цифрлық білім беру ресурсы құрылды.

Осы ретте оқу үдерісі интерактивті, заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып құрылуы керектігін айтқан Үкімет басшысы Әлихан Смайылов бұл өз кезегінде қала мен ауыл оқушыларының арасындағы білім сапасының ашықтығын қысқартуға ықпал етуге тиіс екенін ескерткенін білеміз. Цифрлық технологиялар шалғайдағы шағын мектептерде де оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Оқу

материалдарын цифрлық форматқа көшіру, мектептерді интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету, заманауи білім беру технологияларын енгізу жөніндегі шаралар Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өңір әкімдіктерімен бірлесіп, мектептердегі интернет жылдамдығын арттыру, мектептерді талшықты-оптикалық, жергілікті және сымсыз желілермен қамтамасыз ету жөнінде шаралармен жалғасын табуға тиіс.

Электронды оқулықтарды енгізудің қанатқақты жобасына еліміздің 6 өңірінде 12 мектептің 3, 6 және 8-сынып оқушылары қатысқаны белгілі. 2018-2019 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұны аясында жаңа оқулықтар енгізіліп, бұл жоба кең жолақты интернет жылдам жұмыс істейтін аймақтарда іске асқан болатын. Өңірлерде баспа өкілдері жергілікті басшылармен кездесіп, балаларды электронды оқулықтармен қамту үшін

мектептерде қандай жағдай жасау керектігі айтылған еді. Осы орайда пән мұғалімдері тарапынан электронды оқулықтарды жетілдіру, қажетті материалдарды енгізу мәселесі де қамтылған-ды.

Алайда қазіргі кезде кең жолақты интернет қолжетімсіз аймақтарда оқыту мәселесі қалай жүзеге асатыны алаңдатады. Мұнымен қоса Оқу-ағарту министрлігі осы оқу жылында оқушыларды толықтай электронды оқулықтармен қамтамасыз етуге басымдық бергенімен, цифрлық оқу құралдарын оқу үрдісіне енгізуге қатысты пікірлер екіге жарылып тұр. Бұған дейін ата-аналардың басым көпшілігі дәстүрлі оқулықтардың салмағы бала денсаулығына кері әсер етіп жатқанын айтып келген болса, ендігі кезекте электронды оқулықтардың да бала ағзасына кері әсері туралы да пікірлер айтылып жатыр. Осы орайда ата-аналар мен сарапшылар цифрлық құралдардың балалардың денсаулығы мен психикалық жағдайына зиян екенін, телефон мен планшеттерге тәуелділіктің күннен-күнге артып келе жатқанын айтып дабыл қағып отыр. Телефон, планшет экранының жарығы балалардың дер кезінде ұйықтауына, дұрыс

тамақтанбауына, білім алу барысына да кері әсері бар екеніне медициналық тұрғыдан да дәлелдер жеткізілді.

Десек те заман көшіне ілесу, цифрлық дәуірдің игіліктерін игеруде мектеп оқушыларының шет қалмауы маңызды. Электронды оқулықтарды енгізу балалардың ізденісіне мол мүмкіндік бере отырып, мультимедиялық құралдарды пайдалану, қосымша ақпарат іздеу тетіктері де осы оқулықтардың артықшылығына жатады. Бүгінде Оңтүстік Корея, Ресей, Сингапур, Финляндия, Эстония, Бразилия, Венгрия сияқты елдер электронды оқулықтарды енгізудегі тәжірибесімен ерекшеленіп отырғанын ескеру қажет. Ақпараттық ғасыр бүгінгі оқушы, ертеңгі болашақ маман иелерінің цифрландыру тетіктерін мейлінше меңгеруіне ықпал етеді. Бұл заман талабы. Осы орайда мамандар электронды оқулықтарды меңгерудің жағымды тұстарына басымдық бере отырып, оның бала денсаулығына кері әсерін болдырмау жағына да назар аударылатынын айтады. Өйткені психикасы әлі толық қалыптаспаған бастауыш сынып оқушылары үшін цифрлық құралдарды пайдаланудың салдары ауыр болуы мүмкін. Дегенмен де кәсіби мамандар оның алдын алып, электронды оқулықтарды қажет болған жағдайда дәстүрлі оқулықтармен алмастыру, оқу барысында түрлі әдіс-тәсілді қолдану мүмкіншілігінің де зор екенін, бұл бағытта жаңа заман кадрларын даярлауға да мән беру қажет. Осы ретте заманауи электронды технологияларды балалардың білім алуы мен саламатты өмір салты жолында тиімді пайдалануды нақты жүйесін қалыптастыру уақыт талабынан туындап отыр. Бұл бағытта мектеп пен отбасы үшін ортақ талаптардың бір ізге түсіп, жүйеленгені абзал, дейді мамандар.



Қарымта ойындарға көз тігеміз

Футболдан Конференция лигасына қатысып жатқан еліміздің екі командасы өткен аптада аталған турнирдің үшінші іріктеу кезеңіндегі алғашқы матчтарын өткізіп, келесі кезеңге шығу мүмкіндігін қарымта ойынға қалдырды. Быттырғы ел чемпионатының күміс жүлдегері «Ақтөбе» сырт алаңда 12 жылдық тарихы бар Румынияның «Сепси» клубымен тең ойнаса (1:1), қола жүлдегер «Тобыл» Костанайда Солтүстік Ирландияның «Дерри Сити» командасынан бір доп айырмасымен басым түсті – 1:0.

Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

Бір доп айырмашылығы жетер ме екен?

Кейінгі жылдары Еурокубок ойындарына тұрақты қатыса бастаған «Тобыл» мен «Дерри Сити» осы турнирдің екінші кезеңінде үлкен сенсация жасап, жарыстың үшінші айналымына жолдама алды. Костанайлық ұжым екінші кезеңде Швейцарияның атакты «Базель» командасын екі ойынның қорытындысы бойынша 4:3 есебімен жарыс жолынан ығыстырса, «Дерри Сити» біздің жанкүйерлерге жақсы таныс Финляндияның КуПС клубынан басым түсті. Өз алаңындағы бірінші ойында 2:1 есебімен жеңіске жетсе, сырт алаңдағы кездесуде 3:3 нәтижесімен тең ойнады. Естеріңізде болса, 2021-22 жылғы Конференция лигасының үшінші кезеңінде КуПС елорданың «Астана» командасын екі ойында 5:4 (1:1, 4:3) есебімен тізе бүктірген еді.

Осылайша, футбол мамандарының назарын өздеріне аударған екі клуб арасындағы ойын көпшілік күткендей тартысты өтті. Бірінші таймның алғашқы бөлігінде қонақ команданың ірі денелі футболшылары біздің қақпаға жарытып шабуыл ұйымдастырмаса да, «Тобыл» ойыншылары жәй тәртіп бұзуға итермелеумен болды. Ирландиялықтардың дәрекі ойынына біздің жігіттер де дәл солай жауап береміз деп төреші тарапынан ескерту алып қалды. Алғашқы 45 минуттың ішінде үш футболшымыз «сары қағазбен» жазаланды. Матч алдындағы баспасөз конференциясында

«Тобылдың» бас бапкері Милич Чурчич дәл осы жағдайды ескеріп, ирландиялық футболшылардың аялауына түсіп қалмау маңызды екенін, біз өз ойынымызды, олар өз ойындарын ойнауы керек деп айтқан еді. Бірақ «Тобыл» футболшылары көп жағдайда «Дерри Ситидің» құрығына түсіп қала берді.

Екінші таймда ойын қарқыны біршама бәсеңдегенмен, костанайлықтардың шабуылы бірінші таймға қарағанда, өткір бола бастады. Бәлкім, үзіліс уақытында Чурчич шәкірттеріне шабуылды аяқтау кезіндегі қателіктерін ескерткен болар. Мәселен, екінші 45 минутта «Тобыл» футболшылары қарсыластардың қақпасына төрт соққы жасаса, соның үшеуі қақпаға дәл бағытталды. Оның біреуін голға айналдыра алды. Ойынның 65-минутында «Тобыл» клубының тәрбиеленушісі әрі қорғаушысы Роман Асранқұлов сол қапталдан ирландиялықтардың қорғанысын бұзып-жарып, сол аяғымен әдемі гол соқты. «Дерри Ситидің» қақпасы да қорғаушылары да бұл соққының алдында дәрменсіздік танытты. Сөйтіп, 90 минут бойы «Тобылдың» шабуылшылары соға алмаған голды қорғаушы соғып, алғашқы ойында командасына басымдық сыйлады – 1:0.

Енді екі ұжым арасындағы қарымта матч 17 тамыз күні Солтүстік Ирландияда өтеді. «Дерри Ситидің» Еурокубоктағы биылғы ойындарының статистикасына қарайтын болсақ, олар сырт алаңдағы кездесулерге қарағанда, өз жеріндегі матчтарда тәуір ойнайды екен. Конференция лигасының алғашқы екі іріктеу кезеңінің өз алаңында өткен екі ойынында да олар қарсыластарынан басым түскен. Дегенмен



«Тобыл» да сырт алаңда тәуір ойнайтынын өткен матчта көрсетті. Сондықтан қарымта кездесуде бізді қызықты матч күтіп тұр.

Сырт алаңдағы тең ойын үміт сыйлайды

Румынияда матч өткізген «Ақтөбе» клубы алғашқы ойында қолда тұрған жеңісінен айырылып қалды. Дегенмен бірінші матчтың сырт алаңда өткенін ескерсек, өз алаңында жеңіске жетуің мүмкіндігі көбірек. 8 400 жанкүйерге арнап салынған Сфынту-Георге қаласындағы «Сепси Арена» стадионындағы матчта екі ұжым да ау бастан тең нәтижені көздеген сияқты.

Өйткені екі клуб та матч бойы жарытып шабуыл ұйымдастырған жоқ. Тек кездесудің соңында ғана алаң қожайындары есепті теңестірген соң шабуылдарын үдете түсті. Ал бірінші таймда екі клуб футболшылары тек бір-бір мәрте ғана қауіпті

жағдаймен көзге түсті. Ойынның 15-минутында Мариуш Стефанескудың қақпаға еніп бара жатқан допты Стас Покатилов қолымен қақшып жіберсе, 28-минуттағы Максим Самородовтың алыс бұрышқа тепкен добын «Сепси» қақпасына қайтарды. Бірінші таймда бұдан басқа ауыз толтырып айтарлықтай шабуыл болған жоқ.

Екінші таймның басында алаң қожайындары ойын тізгінін өз қолдарына алуға тырысып, допты жиі бақылауында ұстай бастады. Кездесудің 55-минутында Стефанеску тағы да «Ақтөбе» қақпасына қарай бағытпаған жойқын соққысымен көзге түсті. Абырой болғанда Стас Покатилов өз орнын табылып, қауіптің бетін қайтарды. Арада 10 минут өткенде жерлестеріміз бұл шабуылдың қарымтасын қайтарып қана қоймай, «Сепси» қақпасына гол соғып, ойынның есебін ашты. 65-минутта Максим Самородовтың бұрыштамадан әуелете

көтерген добына бірінші Элдер Сантана жетіп, басым қақпаға дәл соққы жасалды – 1:0.

Гол өткізіп алған соң алаң қожайындары есепті теңестіру үшін бар күш-жігерімен алға қарай ұмтылып, «Ақтөбе» қорғаушылары мен қақпасысын қиын жағдайға салып қойды. «Сепси» футболшыларының дүркін-дүркін шабуылы матч соңында ғана өз нәтижесін берді. Ойынның 89-минутында Роланд Варганың айып алаңы ішінде қақпаның сол жақ бұрышына қарай тепкен добы жол-жөнекей бір ойыншымызға тиіп, қақпаның оң жақ бұрышының торынан табылды – 1:1. Таразы басы теңескеннен кейін «Сепси» жеңіс голын соғуға ұмтылды. Алайда жерлестеріміз қорғаныста сауаты ойнап, алаң иелеріне екінші голдарын соғуға мүмкіндік бермеді.

Екі ұжым арасындағы қарымта ойын 17 тамыз күні Ақтөбедегі Қобыланды батыр атындағы орталық стадионда өтеді.

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі, 050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы, – ректоры бес лауазымдық орнына конкурсу жариялайды. Қоғамның орналасқан мекенжайы:

Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.

Қызметінің негізгі мәні – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру, іргелі ғылыми және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыру. Қызметтің мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және білім беру, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерциализациялау үшін қажетті жағдайлар жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы;
- 2) тиісті салалардың уәкілетті органдарында және (немесе) білім беру мекемелеріндегі басшылық қызметте 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі және (немесе) ғылыми атағының болуы (ғылым кандидаты, ғылым докторы), немесе PhD докторы.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталуы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға қағаз және электрондық тасымалдағышта келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) Қосымшаға сәйкес үлгідегі өтініші;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;

3) конкурсқа қатысушының 3x4 мөлшердегі түрлі-түсті суретімен қоса қосымшаға сәйкес үлгіде қызмет тізімі;

4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;

5) білім туралы құжаттар мен олардың қосымшаларының көшірмелері, салыстыру үшін олардың түпнұсқаларын ұсыну арқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматтары – «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлеріне шетелдік жоғары оқу орндары, ғылыми орталықтар және зертханалар берген, сонымен қатар өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды нострификациялау немесе мойындау туралы куәліктердің көшірмесі қоса тіркеледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуын аяқтағаны туралы анықтаманың көшірмесі қоса тіркеледі;

- өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы

білім беру құжаттарын мойындау туралы анықтаманың көшірмесі қоса тіркеледі;

6) жұмыс орны бойынша (қазіргі немесе соңғы) кадрлық қызмет куәландыру еңбек жолын растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамаларының үлгілеріне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізімінде № 6697 болып тіркелген) сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін алты ай ішінде берілген денсаулық туралы №75/е үлгі бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

8) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;

9) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес, қызметке орналасту тыйым салынбағандығын растайтын құжат.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Байқаудың өтетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетіне (қаб. 643) тапсыру қажет, телефон: 8 (7172) 74-24-26; email: m.turumbaeva@sci.gov.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

Кербұлақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі Сарыөзек ауылында жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау маршруттарына автомобиль тасымалдарының қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өтетінін хабарлайды.

Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың басталу күні: 14.08.2023 жылғы сағат 09.00.

Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні: 28.08.2023 жылғы сағат 18.30.

Өтінімдерді қабылдау орны: Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Б.Момышұлы көшесі, №10, №2.

Конкурстық комиссияның хатшысы: Нұрлыбаев Н.Н.

Байланыс телефоны: 8 747 377 48 81.

E-mail: kerb_zhkk@mail.ru

Хабарландыру

«Билдинг компани» ЖШС «Астана қ., «Алматы» ауданы, Ж.Нәжімеденов көшесінің ауданында орналасқан «Кіріктірілген үй-жайлары мен автотұрағы бар конфункционалды тұрғын үй кешені» ҚОЭБ жобасы бойынша бірінші экологиялық порталда 2023 жылғы 21 тамыздан бастап 2023 жылғы 11 қыркүйекке дейін қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай Экологиялық Порталдың сайтында қабылданады

Бастамашы: «Билдинг компани» ЖШС

Бас жобалаушы: «KORO project» ЖШС, bbt2030@mail.ru, тел.: 8(7172) 68 85 19.

Жобалық құжаттама орналасқан жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: ecorportal.kz.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Эко Каспан» ЖШС.

Объявление

ТОО «Билдинг компани» уведомляет о проведении публичных обсуждений на едином экологическом портале по проекту ОВОС «МЖК со встроенными помещениями и паркингом, адрес: г.Астана, район «Алматы», район улицы Ж.Нәжімеденов», которое состоится с 21 августа 2023 года по 11 сентября 2023 года.

Замечания и предложения принимаются на сайте Единого Экологического Портала

Инициатор: ТОО «Билдинг компани»

Генеральный проектировщик: ТОО «KORO project», bbt2030@mail.ru, тел.: 8(7172) 688519.

Адрес интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту: ecorportal.kz.

Разработчик документации: ТОО «Эко Каспан».

Товарищество с ограниченной ответственностью «Orchid lab»,

БИН «220540041199» (адрес регистрации г.Астана, район Есиль, пр. Мангилик Ел, дом 17, кв. 394), сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования настоящего объявления по адресу г.Астана, район Есиль, ул.Г.Алиева, дом 1, НП1.

Телефон + 7 777 109 69 86.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Void Spirit»,

БИН «210140025903» (адрес регистрации г. Алматы, Ауэзовский район, ул.Сулейменова, дом 24а, кв. 51), сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования настоящего объявления по адресу г.Астана, район Есиль, ул.Г.Алиева, дом 1, НП1.

Телефон + 7 777 109 69 86.



Совет директоров некоммерческого акционерного общества «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», 050010, город Алматы, проспект Достық, 13, объявляет конкурс на занятие вакантной должности председателя правления – ректора некоммерческого акционерного общества «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», расположенного по адресу: город Алматы, проспект Достық, 13.

Основным предметом деятельности является предоставление образовательных услуг в сфере высшего, послевузовского, технического и профессионального, после среднего и дополнительного образования.

Целью деятельности является создание необходимых условий для получения качественного образования, обучения и преподавания, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики, а также для развития научного потенциала и коммерциализации разработок.

Требования к участникам конкурса:

1) наличие высшего и послевузовского образования;

2) наличие стажа работы не менее 3 лет на руководящих должностях в организациях образования и (или) в уполномоченных органах в соответствующих сферах и (или) наличие ученой степени (кандидат наук, доктор наук), либо доктора PhD.

Не может принимать участие в конкурсе лицо:

1) моложе двадцати пяти лет;

2) ранее совершившее коррупционное правонарушение;

3) имеющее непогашенную или неснятую судимость;

4) состоявшее на учете в медицинских специальных учреждениях;

5) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Для участия в конкурсе в уполномоченный орган представляются следующие документы на бумажном и электронном носителе:

1) заявление по форме согласно приложению;

2) копия документа, удостоверяющего личность участника конкурса;

3) послужной список участника конкурса с цветной фотографией размером 3x4 по форме согласно приложению;

4) программа развития высшего учебного заведения;

5) копии документов об образовании и приложений к ним с представлением оригиналов для сверки:

- к копиям документов об образовании, полученных гражданами Республики Казахстан в зарубежных организациях образования прилагаются копии удостоверений о признании или нострификации данных документов об образовании, выданных уполномоченным органом в сфере образования, за исключением документов об образовании, выданных зарубежными высшими учебными заведениями, научными центрами и лабораториями граждан Республики Казахстан – обладателям международной стипендии «Болашақ», а также подпадающих под действие международного договора (соглашения) о взаимном признании и эквивалентности;

- к копиям документов об образовании, выданных обладателям международной стипендии «Болашақ» прилагается копия справки о завершении обучения по международной стипендии Президента Республики Казахстан «Болашақ», выданной акционерным обществом «Центр международных программ»;

- к копиям документов об образовании, подпадающих под действие международного договора (соглашения) о взаимном признании и эквивалентности прилагаются копии справок о признании данных документов об образовании, выданных уполномоченным органом в сфере образования;

6) копия документа, подтверждающего трудовую деятельность, удостоверенная кадровой службой по месту (действующему либо последнему) работы;

7) медицинская справка о состоянии здоровья (врачебное профессионально-консультативное заключение) по форме №075/у, согласно формам первичной медицинской документации организаций здравоохранения, утвержденным приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года №907 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6697), выданная не более чем за шесть месяцев до дня представления документов;

8) справка с психоневрологической организации, выданной не более чем за один год до дня представления документов, в соответствии с законодательством о государственных услугах;

9) справка с наркологической организации, выданной не более чем за один год до дня представления документов в соответствии с законодательством о государственных услугах;

10) документ, подтверждающий отсутствие запрета на занятие должности в соответствии с уголовным законодательством.

Примем документы для участия в конкурсе проводится в течение 10 (десяти) календарных дней со дня опубликования объявления.

Дата и место проведения конкурса будут сообщены дополнительно. Вышеуказанные документы в установленные сроки необходимо представить в Комитет высшего и послевузовского образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (қаб. 643), телефон: 8 (7172) 74-24-26; email: m.turumbaeva@sci.gov.kz



АБАЙ КҮНІ

Мереке айрықша атап өтілді



Өскеменде таң бозынан кітапхана аулаларында хакімнің өлеңіне жазылған әуезді әндер орындалып, кітап көрмелері ұйымдастырылды. Ал этноауылдағы дәулетті қазақ үйінде негізгі іс-шара өтті.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Айта кетейік, мұндағы дәулетті қазақтың үйі Абайдың Жидебайдағы үйінің көшірмесі. Ішкі бөлмелері, ауласы, ауласында тұрған арбасына дейін дәл жасалған. Маңына барсаңыз, Абай заманының рухына дейін сезіліп тұрады.

Абай күні аясында этноауылда түрлі қолөнер бұйымдарының көрмесі көрермен назарына ұсынылды. Қылқалам шеберлері Абайдың портретін бейнелеп, шығармаларына қарай иллюстрациялар жасады. Бәрінен де ағаш шебері Бақыт Кеңшілікүлі жасаған Абайдың домбырасына көпшілік қызыға қарады. Кейбіреу шертіп көріп, қалай жасалғанын сұрасты. Шебердің айтуынша, Абайдың домбырасы шағын болғандықтан, әншілер тарапынан сұраныс көбінесе бастаған екен.

«Қолыңызға ұстап тұрған Абайдың домбырасы жеті түрлі ағаштан жасалған. Кейінгі жылдары әншілер алып жүруге ыңғайлы деп, жиі тапсырыс беретін болды. Алайда күйден гөрі өңге жақсы», дейді қолөнер шебері Бақыт Кеңшілікүлі.

Ән демекші, салтанатты іс-шараның сәні әнмен кірді. Шығыстың сал серісі Дархан Садырбаев Абайдың «Бойы бұлған», «Сегізаяқ» әндерін орындап, көрермен қошеметіне ие болды. Сонымен қатар Абай өлеңдерінен үзінділер оқылды, қарасөздерін еске түсірдік. Жүргізушілер жиналған көрермендерге Абайдың өмір жолы, шығармашылығы туралы сұрақтар қойып, жауап берген тапқырларға кәдесыйлар үлестірді.

Әлбетте, Абай күні облыс орталығында ғана емес, Шығыс Қазақстанның барлық ауданында өз деңгейінде аталып өтті.

ӨСКЕМЕН



Суретті түсірген автор

ТАЭКВОНДО

Сәтсіздік сабақ болды

Кейінгі жылдары Қазақстанның таэквондошылары тым сүренсіз өнер көрсетіп жүргені белгілі. Соңғы екі әлем чемпионатынан олжасыз оралудымыз – жоғарыда айтылған сөзіміздің айқын дәлелі.

Осы спорт түрінің тізгінін ұстаған азаматтар содан тиісті қорытынды шығарып, жаңа бастамаларды қолға алды. Атап айтсақ, қырқүйек айында Қытайда алауы тұтанатын Азия ойындары қарсаңында олар Оңтүстік Кореядан келген маман Ким Кванг Судың көмегіне жүгінуді жөн көрді. Ол – тәжірибелі және білікті маман. Кезінде Чунчон қаласының құрама командасын баптап, Францияның ұлттық командасын жаттықтырған Ким енді Қазақстан құрамасында жаттықтырушы-көрсеткі қызметін атқарады. Ал танымал спортшы, Азия ойындарының күміс жүлдегері, бірқатар халықаралық турнир жеңімпазы, Лондон Олимпиадасына қатысушы Нұрсұлтан Мамаев аға жаттықтырушы болып тағайындалды.

Қазіргі кезде есімдері аталған мамандар өз жұмыстарына кірісіп те кетті.

ТЕННИС

Самсоновамен сайысқа түседі

Канаданың Монреаль қаласында жалауы желбіреген жұлде қоры 2 788 468 АҚШ долларын құрайтын WTA 1000 турнирі өз мәресіне жақындап қалды.

Аталған жарыста Қазақстанның бірінші және әлемнің төртінші ракеткасы Елена Рыбакина табысты өнер көрсетуде. Алғашқы айналымда бос болған ол екінші кезеңде америкалық Дженнифер Брэйдиден басым түсті. Одан кейін АҚШ-тың тағы бір өкілі, 2017 жылғы US орен додасының жеңімпазы Слоан Стивенске сан соқтырды. Ширек финалда WTA рейтингінде 14-орында тұрған Билли Джин Кинг кубогінің жеңімпазы, ресейлік Елена Дарья Касаткинамен күш сынасты. Өте тартысты өткен бәсекеде жерлесіміз 5:7, 7:5, 7:6 есебімен жеңіске жетті. Жартылай финалда Рыбакина Ресей теннисшісі, әлемнің 18-ракеткасы Людмила Самсоновамен сайысқа түседі.

Юлия Путинцева АҚШ-тың Цинциннати қаласында өтетін турнирдің іріктеу сайыстарын сәтті өткізуде. Кеше испаниялық Сара Соррибес-Тормоны 7:6, 7:5 есебімен тізе бүктірген ол финалға жолдама алды. Ал Анна Данилина жартылай финалда франциялық Варвара Грачеваға есе жіберді – 6:4, 3:6, 2:6.

ДОДА

Бесінші орында келеміз

Беларусьте өтіп жатқан II ТМД елдері ойындарында Қазақстан құрамасының қоржынына тағы бір алтын медаль түсті.

Кеше қаратәжілер сайысында Лия Қошқарбаева асқан шеберлік танытып, ката жаттығуында алдына жан салмады. Күміс медальды Анна Щербина (Ресей) иеленсе, Захра Гурбанзаде (Әзербайжан) мен Наталья Филокова (Ресей) қолаға қол созды. Ал күмістен 75 кило салмақта өнер көрсеткен Әбілмансұр Батырғали күміспен күптелді. Естеріңізге сала кетейік, Беларусьте алғаш рет Қазақ елінің әнұранын Максим Сказовиц шырқатты. Баттерфляй әдісімен 100 метрлік қашықтықты ол 53,61 секундта жүзін өтті. Бас жүлденің тағы екеуін самбошылар иеленді. Атап айтсақ, 58 кило салмақта Жасұлан Нариманов қарсылас шак келтірмеді. Финалда ол қырғызстандық Қайрат Жүсүлді жеңді. 71 кило салмақ дәрежесінде Арнұр Қуантайға тең келер ешкім табылмады. Шешуші тұста қандасымыз ресейлік Иван Агафоновтан айласын асырды.

Қазіргі кезде аталған жарыстың жалпы командалық есебінде Қазақстан құрамасы бесінші орында келеді. Қоржынмызда 38 (4+13+21) жұлде бар. Біздің алдымызда – Ресей (124+76+42), Беларусь (34+60+99), Өзбекстан (24+16+45) және Әзербайжанның (8+14+30) спортшылары.

Дайындаған
Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Кемеңгерге арналған кеш

Абай күніне орай Қарағандының орталық саябағында «Адамзаттың Абайы» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кемеңгерге арналған мәдени кеште аймақтағы ақындар мен әншілер, көркемөзді шебер оқытқындар өнер көрсетті. Кейінгі уақытта орталықтағы саябақ сахнасында осындай рухани шаралар жиі өтіп жатыр.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Дәл осы күні жылғаларынан көптен бері жаңбыр суы ақпаған Қарағандыда нөсер жауын құйды. Ұлы ақынның туған күнінде табиғат-ананың сыйы осы болды. Аспаннан нұр құйылды, жерде жыр оқылды. Дала сахнасына жиналған жұрт жаңбырдың астында қалса да, кешті әбден тамашалап барып тарқасты.

Кештің шымылдығын ақын, Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлы ашты. Тұрғындарды мерекелен құттықтап, хакімге арнаған өлеңін оқыды.

«Абай – адамзаттың ақыны. Абай – Алаштың үні. Шығармаларында қазақтың бар мұңын, қайғысын айтып кеткен. Хакімнің туындыларына үйіліп, қазақтың ұлы халық екеніне көзің жетеді. Қазақтың сөз өнерін шыңға шығарған ұлы тұлға. Баршаңызды хакімнің туған күнімен шын жүректен құттықтаймын», деді ол.

Одан кейін дәстүрлі әннің дүлдүлдері Саян Бөдесов, Қуандық Текенов бастаған әншілер Абай әндерін орындады. Талантты әнші Арайлым Жүкенова да эстрадалық жанрда «Көзімнің қарасын» шырқалды. Сұлтан Дәулетхан, Ерік Нарын, Эльмира Сайлау,



Салтанат Қайырбек сынды ақындар өз шығармашылығынан өлең оқыды.

«Абай дүниеге келген күн – қазақ поэзиясы мен тұтас әдебиетінің хәм дүниетанымының мерекесі. Сол мереке күні Қарағанды орталық саябағында нөсерлеп жаңбыр құйды, дүркіреп ән мен жыр төгілді. Өлең оқып қайтып бара жатқанда, өлеңнің туралы жылы лебіз есту, тіпті, гажап. Дәстүрлі

түрде өтіп келе жатқан, даламызды думанға бөлейтін осындай игі іс-шараға қатысқанымға қуаныштымын», деді Салтанат Қайырбек.

Ұлы ойшылдың қарасөздері де ұмыт қалмады. Республикалық, облыстық, қалалық байқауларда жұлде алып жүрген Бектас Жұман мен Мәди Бижан хакімнің қарасөздерін шебер оқыды. «Сахнаға сұранып, Абайдың өлеңін жатқа оқыған көрермендер де болды. Бұл әдеби-сазды кештің өз мақсатына жеткендігін көрсетті», дейді ұйымдастырушылар.

Ігі іс-шараны Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалы қалалық әкімдіктің қолдауымен ұйымдастырды. Жаз бойы орталық саябақта «Қарағанды – қара өлең» атты әдеби-сазды кештер өтіп жүр. Бұл кеш бұрынғы кештерден өзгереді, әрине.

Қарағанды облысы

«El sport» ұйытқы болған ерекше марафон

Абай күні мерекесі ұлы ақынның туған жерінде үш күнге ұласқан түрлі мәдени іс-шаралармен ел есінде қалды. Соның ішінде шөктығы биігі Абай облыстық әкімдігінің, денешынықтыру және спорт басқармасы мен Әлихан Бөкейхан және Шәкәрім университеттерінің, түрлі деңгейдегі демеуші компаниялар мен кәсіпкерлердің қолдауымен, «El sport» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен елімізде тұңғыш рет өткізілген ультрамарафон болды. Ғалым әрі танымал марафоншы Рамазан Салықжановтың жетекшілігімен жүзеге асқан ультрамарафонға елімізден және шет мемлекеттерден барлығы 16 спортшы қатысып, «Семей-Жидебай-100 миль» (160 км) және «Семей-Бөрілі-50 миль» (80 км) қашықтықта бақ сынады.

Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«АВА!» халықаралық әуежайының алдынан 9 тамыз күні бастау алған марафон 10 тамыз – Абай күнінде Жидебайдағы ақын кесенесі жанында аяқталды. Қалай десек те 160 шақырымға жүгіруге екінің бірі түзелсе еге бермейтін белгілі. Дегенмен жігерін жанып, намысын ту еткен азамат Нүркелді Аман есімді қандасымыз бұл қашықтықты 15 сағат 32 минут 58 секундта артқа тастап, ультрамарафон чемпионы атанды. Ол сондай-ақ жарыс демеушілері тіккен 500 мың теңге қаржылай сыйақыны қанжығасына байлады.

Ал 80 шақырымға мезеленген «Семей-Бөрілі» бағыттын бетке алған марафоншылар арасынан астаналық әлеуметтанушы ғалым, профессор Асқар Жаңабегеновтің бағы жанды. Ол бұл қашықтықты 6 сағат 23 минут 24 секундта жүгіріп өтіп, ультрамарафон чемпионы атанып және 300 мың теңгеге ие болды.



Әлихан Бөкейхан университетінің басшылығы да спорттық іс-шараға қолдау көрсетіп, алдыңғы орындардан көрінген марафоншыларға 100 мың теңге көлемінде жұлде ұсынды. Оны университет проректоры Азамат Азатұлы табыстады. Марафон аяқталған соң Рамазан Салықжановтың әңгімеге тарттық.

«Жалпы, бұл марафонды ұйымдастыру идеясы «El sport» қоғамдық бірлестігінің тарапынан туындап, оның жүзеге асуына Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев, облыстық спорт және денешынықтыру басқармасының басшысы Ержан Әбілқасымов, облыстық бұқаралық спорттық шаралар өткізу орталығының директоры Нұрлан Рахымбаев, өзге де ел азаматтары жан-жақты қолдау көрсеткенін атап өткім келеді. Марафонда

жүйріктер лайықты марапаттарға ие болды. Жалпы, осындай марафонды түрлі сериямен жалғастыруды қолға алып жатырмыз. «El sport» қоғамдық бірлестігінің құрамындағы азаматтарды айта кеткенім жөн болар. Бірлестікте «Спорт және қоғам» орталығының басшысы Мұхтар Ескалиев, ғылыми сарапшылар комиссиясында белгілі ғалымдар және бірнеше спорттық клубтардың басшылары бар. Бұл республикалық қоғамдық бірлестік биыл мамыр айында құрылды. Әрі қарай спорттық бағыттағы жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз», дейді «El sport» қоғамдық бірлестігінің басшысы Рамазан Саттарұлы.

Абай облысы

EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС	Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ	Бөлім менгерушілері	Білім және ғылым Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ
Бас директор Дилан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ	Бас редактордың орынбасары Талғат БАТЫРЖАН, Бану ОДІЛЖАН	Саясат және құқық Құлманбет МҢҚАМЕТҚАЛИ	Мәдениет және әдебиет Жолдыбай БАЗАР
Бас редактордың бірінші орынбасары Владимир КУРЯТОВ	Жауапты хатшы Самат МҰСА	Экономика және өндіріс Қымбат ТОҚТАМПАТ	Өлеумет және спорт Орынбек ӨТЕМПАТ
Бас редактордың орынбасары Қымыр АХМЕТ	Шеф-редактор Амангелді ҚИЯС		
Бас редактордың орынбасары – Алматы басымдарының жетекшісі Думан АНАШ	Интернет-редакция жетекшісі Қуат ӨУЕСЕБАЙ		
Бас редактордың орынбасары Ерболат ҚАМЕН			

МЕМШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Абай облысы – Сәтжан Қасымжанұлы Алматы облысы – Инбосын Исмаев Ақмола облысы – Байғали Байғали Атырау облысы – Жолдасбек Қишербайұлы Ақтөбе облысы – Баян Қуандыққызы Батыс Қазақстан облысы – Қазыбек Қуттықарұлы Жамбыл облысы – Тағайын Мұрынтамқұл Жезқазған облысы – Мұстафа Құлмұқан Қарағанды облысы – Қасымхан Ғалым Қостанай облысы – Нұржанат Құлбай Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай Маңғыстау облысы – Тұғайлы Дәуітбай Павлодар облысы – Мұрат Қалғалұлы Солтүстік Қазақстан облысы – Жақсыбай Самғат Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы Шымкент қаласы – Әнуар Жұмышбай Ұлытау облысы – Абдулла Дастан	тел.: 8 7005180379 тел.: 8 747 1835704 тел.: 8 7755649863 тел.: 8 7760080023 тел.: 8 7014890223 тел.: 8 7475011901 тел.: 8 7755342282 тел.: 8 7753010129 тел.: 8 7785829696 тел.: 8 7775800024 тел.: 8 7016586809 тел.: 8 7020071776 тел.: 8 7051528557 тел.: 8 7026388400 тел.: 8 7026981988 тел.: 8 7056238817 тел.: 8 7763269898 тел.: 8 7773024679
---	---

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а	АНЫҚТАМА ҮШІН: Астана: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87; Электронды пошта: info@egemen.kz Интернет-редакция: portal@egemen.kz Алматы: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87; Электронды пошта: almaty@egemen.kz МАРКЕТИНГ БОЛМА: Астанада – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, egemen_adv@mail.ru Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz
---	--

Индекс 65392 . Атынасына 6 рет шығады. «Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді. Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірлері суреттердің санына редакция жауап береді. «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	ТАРАЛЫМЫ 80 117 дана
--	-----------------------------

Жарнама, хабарландырудың мазмұнын менің мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 80 117 дана

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Газетті қайта өсікке қою туралы №КЗ21VP00062701 куәлігі 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сала менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Нөмірдің көзешкі редакторы
Жолдыбай БАЗАР